

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ
ОРТАЛЫҒЫ**

СПОРТШЫЛАРДЫҢ ӨМІРЛІК ТРАЕКТОРИЯЛАРЫ
(Әдістемелік нұсқау)

Нұр-Сұлтан, 2020 ж.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	2
1 СПОРТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ: ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР БАСЫМДЫҚТАРЫ	
1.1 Спорт әлеуметтік құбылыс ретінде.....	6
1.2 Спорт тұлғаның әлеуметтенуіне әсері.....	8
1.3 Спорт әлеуметтануының зерттеу дәстүрлері.....	18
2 СПОРТШЫЛАРДЫҢ ӨМІРЛІК ТРАЕКТОРИЯЛАРЫ	
2.1 Әлеуметтанудағы өмірлік траекториялар ұғымы.....	28
2.2 Спортшылардың өмірлік модельдері: зерттеу нәтижесі.....	35
ҚОРЫТЫНДЫ.....	50
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	52

КІРІСПЕ

Спорт әлеуметтік институт ретінде кез келген заманда өзінің маңыздылығы мен танымалдығын сақтап келеді. Біздің ғаламшарымыздың барлық континенттерінде миллиондаған спорттың жанкүйерлері мен мыңдаған спортқа бейім адамдар бар. Олардың ішінде өте экзотикалық спорт түрімен, мысалы, вудбол, керлинг немесе серфинг, жаппай тарлаған футбол мен жүгіру де бар. Кейбір спорт түрінің қатарына бұрын девиация болған, мысалы компьютерлік ойындарға құмарлық, бүгінде киберспорт болып дамып келеді.

Қазақстан Республикасының Дене шынықтыру және спорт туралы Заңының 9.1-1.-бөлімінің «Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, жалпы білім беретін мектептер және басқа да оқу орындары оқушыларға дене тәрбиесін беру мақсатында: дене шынықтыру машықтарын қалыптастырады, спортпен айналысуға тартады, дене шынықтыру - сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізеді және қоғамдық бірлестіктер мен басқа да заңды тұлғалардың мектеп жасына дейінгі балалардың, оқушылар мен студенттердің қатысуымен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуіне жәрдемдеседі» деп белгіленуі қоғам мен мемлекеттің қазақстандықтардың спортпен шұғылдануға және салауатты өмір салтын ұстануға көңіл болып отырғандығының дәлелі.

Спорттың тарихи мәртебесін анықтау, қандай дәуірде, қазір немесе болашақта қандай өзгерістер болады деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, онда біз әлеуметтік- мәдени тарихи кезеңдердің ерекшеліктері мен даму тенденцияларына сәйкес болады деп айта аламыз. Осы тұрғыдан зерттеушілер спорттың әлеуметтік қызметінің сипаттамаларын қарастырып, оның қоғам дамуына оңды ықпалын анықтауды іске асырады. Қазіргі заманауи әлемде, әралуандық пен плюрализм орнаған, сонымен қатар тұрақты дүниетанымдық түсініктер, өзін-өзі анықтаудағы айқындықтың болмауы, өзін-өзі талдаудағы қиындықтарды адам басынан кешкенін назарға алсақ, спорттың қоғамда атқаратын қызметі де бір жақты, бір текті болмайды.

Спортта адам табысқа ұмтылуы тиіс және бұл оны қарсыласқа қатысты агрессивтілікке итермелеуі мүмкін. Бұл спорт, өкінішке орай, қазіргі заманда тек спортта ғана емес бүкіл қоғамдағы қатынастардың сипаты. Дегенмен, «кез келген жағдайда және кез келген амалмен жеңіске жету» - бұл, спорттық бәсекелестік жағдайында ұдайы іске асатын ұстаным емес. Спортшы үшін ең маңыздысы - адал ұтысқа жету. Спорттың барлық идеологиясы, шын мәнінде, осындай бағдарға негізделген. Сонымен қатар, спортшыны тек жалаң жеңіс емес, әлеуметтік кеңістікті құрайтын қатынастар аясындағы жеңіс қызықтырғаны дұрыс және спортшылардың көпшілігі осыны ұстанады.

Спортшылардың спорттық дәуірі аяқталғаннан кейін жаңа өмірге бейімделуіне әртүрлі әлеуметтік факторлар әсер етеді. Экс-спортшылардың спорттық мансапты аяқтағаннан кейін орын алатын өмірлік дағдарысты сәтті

еңсере алу-алмауы олардың әлеуметтік құндылықтар мен ұстанымдар жүйесіне байланысты. Демек, кезінде темірдей тәртіп пен өзінің ерекше рухы, мінезінің арқасында жетістікке жеткен, көпшілікке үлгі болған тұлғалар, жаңа әлеуметтік орта мен эмоционалды күйге бейімделе алмай, қиын өмірлік кезеңге тап болады. Сондықтан да, спорттық мансабын аяқтаған спортшының өмір салтын қалыптастыруға әсер ететін негізгі әлеуметтік іс-әрекеттер мен факторларды зерттеп, жаңа өмір сүру ретін қалыптастыруда қандай әрекет ету керек, кімнен қандай көмек керек және тағы басқа аспектілерді анықтау қажет.

Осы кезге дейінгі спорт теориясы мен спорт әлеуметтануында көптеген зерттеурлердің арасында бұл мәселеге байланысты бір жақты, бір негізді пікір жоқ. Өйткені, белсенді түрде спортпен айналысқан соң күйзеліске ұшырап, әлеуметтік және моральдік деградацияға ұшырауға бірнеше себептер бар. Олардың ішінде, біріншіден, спорттық іс-шараларға қатысуды тоқтату, екіншіден, жарыстар мен жаттығуларды аяқтау, үшіншіден, спорт клубының қамқоршылығын шеттетілу, төртіншіден, жаттықтырушылар, дәрігерлер, қызметшілер, команда мүшелерімен достық және кәсіби байланыстарын бұзу. Міне, осындай жағдайлардан кейін спортшы өмірінің басты мағынасы болып табылатын жеңіске деген қанағаттанудың жоқтығынан туындаған әлеуметтік байланыстардың үзіліп, соңынан психологиялық дағдарысқа ұшырау экс-спортшылардың өмірлік траекториясына кері әсер етеді.

Спорттық мансаптың аяқталуы құндылықтар мен ұстанымдардың трансформациялануына, жойылуына алып келеді. Спортшылардың әлеуметтік бейімделуіне спорттық мансаптың аяқталуына деген саналы көзқарас келесі кезеңге арналған нақты жоспарлардың болуымен ерекшеленеді. Бұндай жоспарларға отбасын құру, дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандықты таңдау, достардың, жаттықтырушылардың, спорт клубының психологиялық қолдауымен көмек көрсету, медициналық, зейнетақы қызметтерін құқықтық қамтамасыз ету арқылы әлеуметтік қорғау, бұрынғы спортшылардың ардагерлер жарысына қатысуы, қоғамдық өмірге қатысуы және т.б. әрекеттер кіреді.

Спорттық мансаптың соңында спортшыны күрделі медициналық оңалту және емдеу талап етіледі. Еліміздің намысын қорғаған азаматтардың денсаулығын, әлеуметтік қорғалуын қалпына келтіру бойынша бірқатар іс-шараларды талап етеді. Мұндай шараларға мыналар жатады: бұрынғы спортшылардың қаржылық қолдауымен, спорт ардагерлері клубтарының жұмысын ұйымдастырумен, спортшыларды толық сақтандырумен және зейнеткерлікке шыққан жәрдемақылардан тұратын арнайы қорларды құру қажеттілігін айтамыз. Спортшылардың спорттық дәуірі аяқталғаннан кейінгі, жаңа өмірге бейімделуіне әртүрлі әлеуметтік факторлар әсер етеді. Олардың ішінде экс-спортшылардың спорттық мансапты аяқтағаннан кейін орын алатын өмірлік дағдарыстардан сәтті өтуі немесе еңсере алмауы олардың әлеуметтік құндылықтар мен ұстанымдар жүйесіне байланысты.

Ал әзірше замандастарымызға спортта жүрген уақытта спортшыға ерекше көңіл аударып, ал спорттан кейінгі өмірі олар үшін қызық емес. Өз

дәуірінде әлемдік аренадан ойып тұрып орын алған, көк байрағымызды сан мәрте көкке көтерген, әнұранымызды шырқатқан спортшылардың өмірден баз кешіп кеткені қаншама. Олардың әлеуметтік тәжірибелері мен кәсіби шеберліктері келесі спортшылардың буынына қызмет етуі керек. Бұрынғы спортшы неғұрлым ұзақ және тиімдірек жастар тәрбиесіне өз үлестерін қоса берулері керек.

1- ТАРАУ. СПОРТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ: ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР БАСЫМДЫҚТАРЫ

1.1. Спорт әлеуметтік құбылыс және тұлғаның әлеуметтенуіне әсері

Бұл тараудың негізгі мақсаты спортты әлеуметтік құбылыс ретінде талдау және тұлғаның әлеуметтену үрдісіне әсерін айқындау. Спорт әлеуметтік құбылыс ретінде заманауи қоғам мүшелерінің күнделікті тіршіліктерінің ажырамас бөлігі болып орын алды. Ол тек бір әлеуметтік топтың күнделікті тәжірибесінен кез келген әлеуметтік тап өкілдерінің тұрақты немесе кездейсоқ айналысатын әрекеттер қатарына жататын болды. Бүгінде спорттың саясатқа, экономикаға және тұлғаның әлеуметтік дамуына елеулі әсер ететін әлеуетін сөзсіз мойындауымыз керек.

Кез-келген адам спортпен айналысуға уақыт таба алады. Кейбір адамдар үшін спортпен айналысу тұрақты әдет емес, ауыспалы әуес болуы мүмкін, немесе көбінесе ситуацияға байланысты. Ал көптеген басқалары үшін ол бүкіл өмірдің ажырамас бөлігі болады. Олардың арасында кейбір адамдар үшін спорт кәсіп немесе мамандыққа айналады. Кәсіби спортшылар үшін спортзал немесе бассейн – үйден тыс көп уақыттары өтетін жұмыс орындары. Бірақ көптеген адамдар әлі күнге дейін сүйікті спорт түрлерімен әуесқой негізде қалаған уақыт бөліп айналысады. Әуесқойлар өзі үшін шұғылданатындықтан жаттығудың ұзақтығын, жиілігін және қарқындылығын өздері анықтайды.

Заманауи спорт түрлері қазіргі уақытта әлеуметтік топтар үшін әр түрлі нышанда қол жетімді. Біреулерге спортпен шұғылдану қымбат немесе ешқандай, тым болмаса көп қаражатты талап етпеуі де мүмкін. Спортпен балалар, жасөспірімдер, ересектер және қарт адамдар да айналыса алады. Онымен жеке дара және отбасылық немесе топ болып бірігіп айналысуға болады. Спортты ұйымдастырылған демалыс ретінде жағымды және пайдалы демалыс ретінде қарастыруға болады. Оны белгілі бір бағыттағы мақсатқа жету, яғни нақтылы бағытталған іс-әрекет ретінде қарастыруға болады.

Спорт - бұл тек адамдар ғана айналысатын іс-әрект, кәсіп, яғни бұл әлеуметтік белсенділік. Спорт белгілі бір дәрежеде қоғамдағы адамдар арасындағы әлеуметтік қатынастар әсер етеді, адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандырады, мүмкіншіліктерін іске асыруға жол ашады. Адамның денсаулық жағдайы ол оның тек жеке мәселесі. Ал қоғамнан оқшауланып спортпен айналысу мүмкін емес. Қалай болғанда да, онда тәлімгерлік, бәсекелестік, қарым-қатынас, жалпы стандарттарды қалыптастыру үшін орын бар. Спорт белгілі бір дәрежеде адамды тәрбиелейді, тәрбиелейді, тұлғасын қалыптастырады және дамытады, психикаға әсер етеді, нәтижесінде қоғамға енуді қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, спорт әртүрлі деңгейде (жеке және ұжымдық, әуесқойлық және кәсіпқой) белгілі бір артықшылықтарымен және бәріне жалпы функциялары бар екенімен қызықты. Көптеген ғалымдар, қоғамдағы

спорттың функциялары неғұрлым кең болса, соғұрлым осы ұғымның мәнін кеңірек түсіндіреді.

Мысалы, ресейлік зерттеуші В.М.Гелецкий «спорт - бәсекелі ортадағы адамның физикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға бағытталған бәсекеге қабілетті, спортшының шығармашылық әлеуетін іске асыртын ойын әрекеті» дейді [8]. Демек, спортпен шұғылдану ұзақ мерзімді, ұдайы ізденіс пен қарым-қатынас жолында болуды мегзейді. Ал бұндай процесс тұрақты әлеуметтік байланыстарды қажет етеді. Спорттың дене шынықтырудан айырмашылығы, бірінші кезекте, спортта міндетті компонент – жарыстың болуы, немесе жарысқа қатысу бар. Кәсіпқой спортшы да, әуесқой спортшы да күнделікті жаттығуларында бірдей дене жаттығуларын қолдулары мүмкін, мысалы, жүгіру, секіру.

Бірақ кәсіпқой спортшы басқа спортшылармен сайысқа түсіп, жарыстарда әрдайым өз жетістіктерін басқа спортшылардың жетістіктерімен салыстырады. Әуесқой спортшы болса, дене шынықтыру тәжірибесінде міндетті түрде басқа адамдардың қабілеттерімен, жетістіктерімен салыстырмай, өзінің қабілеттерін жақсартуға бағыттайды. Сол себепті, әуесқой жүгіумен айналысатын зейнеткерді спортшы деп атауға болмайды. Ол өзінің денсаулығын шынықтыру мен денсаулығын сақтау үшін жүгіруді қолданатын денешынықтырушы.

Осы жерде біз күнделікті спортпен айналысатын кәсіби спортшы бар екенін, сонымен қатар әуесқой спортшы және әуесқой дене шынықтырушы бар деп айта кеткенді жөн санаймыз. Соңғы жылдардағы бақылауымызға байланысты спорт маңындағы екі топ бар екені айтылады: кәсіпқой спортшы және әуесқой спортшы. Шын мәнінде олардың арасында үшінші топ бар. Әуесқой спортшы ол жаттықтырушының жетекшілігімен тұрақты спортпен шұғылданатын, көбінесе бір спорт клубтың мүшесі болып және ұдайы жарыстарға қатысып жүретін адам. Ал әуесқой дене шынықтырушы болса, ол тұрақты немесе тұрақсыз негізді спорттық жаттығулар жасап, көбінесе өзі үшін машықтанып жүреді де жарыстарға қатыспайды.

Алайда, жоғарыда келтірілген ғалымдар мен біздің мысалдар мен пайымдаулар, әр түрлі ұғымдарды біртұтас түсіндіру туралы айтқанымен, әлеуметтік немесе әлеуметтік құбылыс болып табылатын қазіргі спорттың көп қырлы табиғатын аша алмайды. Спорт көптеген салаларда өз қасиеттерін көрсетіп, әр түрлі кәсіптердің негізі болады: емдеу және сауықтыру, психофизикалық бейімдеу және оңалту, адамның жұмыс қабілетін жақсарту, сонымен қатар спорт біреулердің жеке кәсібі және керемет ойын-сауық түрі.

1.2 Спорт тұлғаның әлеуметтенуіне әсері

Жалпы спорт негізінен жоғары жетістіктерге жетуді көздеп, спортшыдан кәсіби ұстанымды талап етеді. Сонымен қатар бұдан басқа, спорттың келесі ерекшеліктері бар:

-бәсекелестік, ынтымақтастық, күрес, эмоциялар мен адами қатынастарының жан- жақты болуы;

-спортшылардың тек физикалық ғана емес, сонымен бірге жеке рухани қабілеттеріне де қойылатын жоғары талаптар;

-спортшылардың жаттықтырушымен бірлестікте болуы, олардың қатынасының шығармашылық, ізденушілік сипаттары;

-барлық адамдар дерлік түсінетін «спорт тілі» әмбебаптығы;

-спорт түрлерінің басым көпшілігінің көрермендердің көңіл көтеру мүмкіншілігі;

-спортшыларды прогрессивті сипатқа ие көтермелеу жүйесі: атақтар, құрмет, разрядтар, марапаттар және т.б. [8].

Әлеуметтанушы ғалымдар спортты әр түрлі қырынан зерттей отырып, оның 110 функцияларын анықтаған. Бұл спорттың әлеуметтік институт ретіндегі жан- жақты екендігінің дәлелі. Мысалы, спорттың тәрбиелік аспектісі тәрбие, денсаулық сақтау және тәрбие функцияларынан көрінеді. Коммуникативті (байланыстырушы) аспектісі тәжірибе алмасу, байланыс, халықаралық ынтымақтастық функцияларымен сипатталады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, бұл моральдық, күнжедікті ауыр жұмыстан кейін физикалық және психикалық стрессті жою функциялары. Спорт әлеуметтік құбылыс ретінде оның құрамындағы дене немесе физикалық белсенділігінің алуан түрлерімен сипатталады. Спорттың мыңдаған түрлері бар. Олардың әрқайсысының өзіндік жарыс талаптары, сайыс әдістері мен әрекеттерінің арнайы амалдары, яғни тактикасы мен техникасы, өзіндік ережелері бар.

Спорт мәселелерін зерттеушілердің арасында спорттың функциялары туралы тұжырымдар бұрыннан бар. Мысалы, К.Хайнеман өзінің «Спорт әлеуметтануына кіріспе» еңбегінде спорттың әлеуметтік-эмоционалды функциясы туралы айтқанда, біріншіден спорттың агрессия мен шиеленіспен байланысты екенін, екіншіден, күнделікті өмірден зерігуден арашалайды деген [9].

Біздің байқауымызша, спорттың әлеуметтік-эмоционалды функциясы заманауи қоғамның құрылымдық белгілерінен туындайды. Сондықтан спорт оқиғалардың алмасу кемдігін, айшықты айықындықтардың болмуына байланысты және жалпы әлеуметтік-саяси өмірдің төмен интенсивтілігінен туындаған көңіл күйден сақтайды. Сонымен қатар, бұл зерттеуші спорттың әлеуметтену функциясы туралы да құнды пікір айтқан. Мысалы, спорт әр индивидуумның мораль мен сенім туралы түсініктерін нығайтып, жеке мінезінің сипаттарын жетілдіреді дейді.

Басқа социологтар да жалпы спортқа әлеуметтенудің жағымды жетістіктері тиеселі дейді. Мысалы, спорт тұлғаның әлеуметтік-нормативтік іс-қимылға дайын болып, оны атқару қабілеттігін қалыптастырып жетілдіреді [10]. Ол туралы Л.Обухова мен Г.Бурменская Жан Пиаженің теориялық зерттеулеріне талдау жасап қорытындылайды. Бұл жерде спорт әлеуметтік нормалар, ереже мен рөлдер жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл рөлдер анық көрініс табатын іс-қимылдар алаңында болып және ереже бұзу мен мінез-құлық ауытқушылықтары нақтылы бекітіліген сызбаға сәйкес анықталады. Сондықтан болар, спорт әлеуметтік- нормалық іс-қимылдарға байланысты эксперименттер жасуға және индивидтің әлеуметтену мүмкіншілігіне зор ықпал жасайды.

Әлеуметтену барысында спорт тұлғаның қалыптасуына әсер етіп, оның маңызды қасиеттерін нығайтады деп көрсеткен батыс әлеуметтанушылардың бірнешеуін атап өтуге болады [11]. Олардың пікірінше, спортшы әрқашан бәсекеге қабілетті болып жеңіске жету үшін тырысады, бірақ жеңіліске де тап болып күйзеліске ұшырамау керек дейді. Шынында да спортпен айналысу шыдамдылықты, тұрақтылықты талап етеді, нәтижесінде мақсатқа жету үшін мінез-құлықтың ерекше қасиеттері қалыптасады.

Жалпы спорттың әлеуметтік қатынастар мен психикалық дағдыларды дамытуда рөлі аса маңызды. Спортшылардың топтың талабына сай бейімделу, ынтымақтастық, адалдық сияқты мінез-құлықтың әлеуметтік амалдары қалыптасып социобилдік дамиды [12]. Олар басқа топтармен ойындық қатынастар құрады, жаттығыу мен жарыс кезінде қоғамдық өмірде қажет тұлғалық-әріптестік қабілеттері дамиды.

Сонымен қатар, спорт кеңістігі тұлғаның когнитивті дағдыларын қалыптастырады. Ол туралы да көлемді зерттеулер бар. Мысалы, тәжірибелер көрсеткендей, спортшылардың өздерінің мінез-құлқын және іс-қимылдарын бақылау реакциялары жоғары. Керек жағдайда оны тезірек бәсеңдете алады, ал бұл спортта да, күнделікті өмірде де маңызды [13].

Бұл қорытындыларды 2016 жылы жүргізген америкалық ғалымдардың жаңа зерттеуі дәлелдеді. Кәсіби спортшылардың, атап айтқанда, волейболдан Олимпиада чемпиондарының физикалық жағынан жақсы дамып қана қоймай, ақпаратты жылдам өңдей алатындығын көрсетті. Сонымен қатар, спортшылардың танымдық қабілеттері тек ойын алаңында ғана емес, сонымен қатар одан тыс жерлерде де көрінеді. Урбана-Шампейндегі Иллинойс университетінің психологтары жүргізген зерттеуге 87 бразилиялық волейболшы қатысты, сонымен қатар олармен бірге кәсіби спортпен шұғылданбаған 67 құрдастары да қатысты. Зерттеу нәтижелері «Frontier in Psology» журналында жарияланды және маңызды заманауи спорт мәселесін зерттеулердің қатарын толықтырды¹. Зерттеу барысында барлық ерлер мен әйелдерге олардың танымдық қабілеттерін (ақпаратты қабылдау, есте сақтау, реакция және т.б.) сынайтын тестілеуден өтті. Ғалымдардың пікірінше, спортшылардың реакцияларын басқаруға, олардың іс-әрекеттерін жоспарлауға және реттеуге қабілеті оларға спортта ғана емес, сонымен қатар алаңнан тыс жерде де айқын артықшылықтар береді. Мәселен, егер

бағдаршам алдында көлік жүргізуші спортшы болса, көлік қозғала бастаған кезде кенеттен пайда болған велосипедшіні көрмеген болса, онда оның тез арада тезуіш педальын басу апаттың алдын алуға көмектеседі.

Жалпы, жаңа деректер бұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін растады, егер индивид спорттың бірнеше түрімен бірнеше жыл жаттықса, онда оның танымдық қабілеттері жақсарады. Біздің ойымызша, спорттың қандай-да бір түрі туралы айтатын болсақ, команда да және басқа адамдармен қарым-қатынас орнату мен сапалы дамыту мүмкіндігі артады. Әлеуметтік өмірде мұндай адамның өміршеңдігі мен белсенділігі жоғары болатыны сөзсіз.

Кейбір зерттеушілер, мысалы А.Воль өзінің 1987 жылғы «Спорттың заманауи өркениет үшін рөлі мен маңызы» атты еңбегінде әлеуметтік өзгерістер мен спорттың функционалды құрылымының пайда болуын бір бірімен байланыстырып талдайды [14]. Оның ішінде спорттың ойындық функциясы туралы айтқанда заманауи спорттың бастауларын ХІХ ғасырдағы Англиядан табады. Бірақ, сол кездегі көпшілік мектептер оқушылары әуестенетін атқа міну, семсерлесу, қайықта есу және бокс сияқты дене белсендіктерді спорт деп есептемеген, олар тек ойын-сауық сипатта болған, дейді А.Воль.

Сол кезде, ХІХ ғасырда спорт тек қарым-қатынас формасы мен көңіл көтеру үшін ғана маңызды болған. Ал онымен айналысқан адамдар ұзаққа дейін қоғамдық пікірде жалқау және жеңілмінезді адамдардың ермегі деп қабылданды. Зерттеушінің айтуынша, бұндай көзқарас Х.Спенсер, Ф.Шиллер, К.Гросс, Е.Клапаред, Ф.Ж.Бютендиж және Ж.Хюсинг зерттеулерінің нәтижесі жарық көргенде ғана спорттың ойындық функциясы тәрбиелік функциясына алмасып жастардың тәртібін жақсарта бастады.

А.Воль спорттың тәрбиелік функциясын, әсіресе дене тәрбиесіне байланысты оқушы кезеңнің маңыздылығын айтады. Өйткені, тұлға тек оқушы кезінде ересек өмірде қажет болатын ептілік, шыдамдылық пен күштілікті қалыптастырып дамыта алады. Мысалы, әскери қызметке жарамды болу үшін минималды дене формасы жасөспірім кезде жаттығу мен шынықтыру нәтижесінде пайда болады. Ал бұны түсіну, 1-2 сағаттық дене жаттығуларының мектеп бағдарламаларына енуі тек 1820 жылдары орын алды. Сол кезден бастап дене тәрбиесі инструкторларын оқыту, алғашқы дене тәрбие колледжі, мектептік спорт клубтары пайда болады. Сонымен, қатар біз А.Вольдың спорттың әлеуметтік келеңсіздіктерді, ауытқушылықтардың алдын алуда зор рөлі бар деп айтқанын да мойындау керек [14].

Біздің талдауымыз бойынша, спорт көпшілік мойындаған әлеуметтік норма және ортақ құндылық ретінде өз орнын дереу алған жоқ. Ол ұзақ уақыт оғаш феномен болып, өз заманының мәдениетіне үйлесім таппаған болатын. Мысалы, XX ғасырдың басындағы спортпен байланысты әлеуметтік-мәдени процесстерді зерттеген В.Столяров өз еңбегінде, сол кездегі неміс журналисті Г.Стайницер

«Спорт және мәдениет» еңбегінде спорт мәдени процестерден тыс және мәдени тұрғыдан мәні жоқ деп айтқанын келтіреді [15].

Спорт өзінің атқаратын ерекше міндеттерінің арқасында әлеуметтік-интегративті функцияға ие. Бұған оның әр түрлі ұлттардан, таптар мен топтардың шыққан индивидуумдарды ортақ ұжымдық сана мен ортақ сәйкестік тапқан бір ұжымға біріктіреді. Санадағы әлеуметтік құндылықтарды ойятып, қоғамда бар нормаларға сәйкес бағыттайды.

Спорттың әлеуметтік-интегративті функциясы әр түрлі әлеуметтік топтар мен ұлттар өкілдерінің тең дәрежеде белгілі топтың мүшесі болуы, жолдастық пен ортақ іс атқару барысында олардың арасында әлеуметтік қашықтықты азайту негізінде көрінеді [16]. Бір топқа біркөк, бір одақ мүшелерінің ұжыммен сәйкестену мүмкіндігі молаяды. Осыдан кейін тұлға тек маңызды әлеуметтік тәжірибе жинап қоймай, қоғамның құндылықтар туралы түсініктерін және мінез- құлықтың әлеуметтік моделдерін біліп, болашақта осы құндылықтар үлгілері аясында жүріп-тұруды үйренеді.

Спортшының қозғалыс белсенділігінің сипаты мен жарыс сипаттамаларына сәйкес әлемде кеңінен қолданылатын спорт түрлерін бес топқа бөлуге болады. Бірінші топқа спортшының қозғалыс белсенділігі тән түрлер кіреді. Олардағы сәттіліктің кілті - спортшының моторикасының даму дәрежесі. Бұл топқа жүзу, жеңіл атлетика, шаңғы, күрес кіреді. Екінші топқа спорттың сәттілікке жету үшін жануарларды немесе техникалық құралдардың пайдалануы ескеріледі, мысалы, желкенді, авто және мотоспорт, бәйге және көкпар. Үшінші топ спортшының жетістігі нысанаға тигізумен байланысты әрекеттердің дәлдігіне байланысты. Мұндай түрлерге садақ ату, тапанша ату және т.б. Төртінші топқа модельдеу және дизайн жұмыстарының сәттіліктері негізге айналады. Мысалы, авто және модельдік спорт. Ал бесінші топ спортшылардың ұтқырлығы айтарлықтай шектеулі, бірақ мұнда жетістік спортшының теориялық немесе интеллектуалдық дайындығына байланысты. Мұндай түрлерге шахмат, дойбы және тоғызқұмалақ кіреді.

Спорт түрлерінің шығу тегі және тарихы әр түрлі. Спорттың әр түрі өзінің тарихи сепебтері және даму кезеңдерімен ерекшелінеді. Адамдардың әскери өмір салты мен еңбек тәжірибелері ежелгі спорт түрлерінің қайнар көзі болды, мысалы, күрес, жеңіл атлетика. Әскери істер мен еңбек практикасы әлі де болса қазіргі заманғы жекелеген спорт түрлерінің, әсіресе кәсіби және қолданбалы спорт

түрлерінің дамуына әсер етеді, мысалы, радиоспорт, өрт сөндірушілердің спорты, мотоспорт және т.б.

Мәдениеттің бір түрі ретінде жана спорт түрлерінің қалыптасуы мәдениеттің рухани және материалдық түрлерінің дамуымен байланысты. Осылайша, кезінде, велобол, баскетбол, серфинг, суда шаңғымен сырғанау, батут спорты, фристайл, көркем гимнастика және басқалар пайда болды. Кез-келген спорт түрлерінің пайда болу жеріне және тарихи жасына қарамастан адамдардың әртүрлі физикалық және психофизикалық қабілеттерін дамытуға қолдануға болатындығын атап өткен жөн. Жоғарыда айтылғандардан біз спорт мәдениеттің әлеуметтік құбылысы деп тұжырым жасап, оған тартылған адамдар үшін үлкен тәрбиелік мәні бар деп айта аламыз.

Спорттың әртүрлі әлеуметтік функциялары бар болғаны өз кезегінде спорттың әртүрлі бағыттарының болуын ерекшелейді. Біріншіден, олар бұқаралық спорт және үлкен спорт (жоғары жетістіктерге жететін спорт немесе олимпиадалық спорт), кәсіби және әуесқойлық спорт, жасөспірімдер мен студенттік спорт, параолимпиадалық спорт түрлерін ажыратады. Бұқаралық спорт көптеген миллиондаған адамдарға физикалық қасиеттері мен қозғалтқыш қабілеттерін жақсартуға, денсаулығын сақтау мен нығайтуға, белсенді ұзақ өмір сүруге мүмкіндік береді, демек, өмір сүру жағдайлары мен заманауи өндірістің ағзаға тигізетін зиянды әсеріне қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Адамдар дене бітімін, дене шынықтыру деңгейін жақсарту, денсаулығын жақсарту және белсенді демалу үшін бұқаралық спорттың түрлерімен айналысады. Сонымен қатар, адамдар көптеген жеке мәселелерін шешеді: ағзаның жекелеген мүшелері мен жүйелерінің функционалдығын жақсарту, физикалық дамуды және физикалық жағдайды түзету, жалпы және кәсіби көрсеткіштерді арттыру, өмірлік дағдыларды игеру, бос уақытты тиімді және дененің физикалық жетілуін қамтамасыз ету. Бұқаралық спорт негізінен дене шынықтыру сияқты мәселелерді шешеді, бірақ онда үнемі жаттығулар спорттық мақсаттармен ерекшеленеді. Жастардың едәуір бөлігі бұқаралық спортпен мектеп жасынан бастап, кейбір спорт түрлерімен, тіпті мектеп жасына дейін де танысады. Бұқаралық спорт орта арнаулы және жоғары оқу орындары студенттерінің арасында кеңінен таралған.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұқаралық спорт саласындағы еліміздің университеттерінде студенттердің шамамен тек 10-25% тұрақты жаттығулармен айналысады². Университет студенттеріне арналған «Дене шынықтыру» пәні бойынша қазіргі бағдарлама кез-келген университеттің дені сау студенттеріне бұқаралық спорт түрлерімен айналысуға мүмкіндік береді. Студенттің өзі дене шынықтыру жаттығулар жүйесін немесе спорт түрін таңдай алады.

Бұқаралық спортпен қатар үлкен спорт немесе жоғары жетістіктер спорт түрлері де бар. Жоғары жетістіктер спортының мақсаты бұқаралық спорт мақсаттарынан түбегейлі ерекшеленеді – ол ірі спорттық жарыстарда жеңіске жету және жоғары, халықаралық деңгейде спорттық нәтижелерге қол жеткізу. Таңдаулы

спортшының жоғары жетістігі тек жеке оның жеңісі емес, сонымен бірге ол жеңіс ұлттың беделін көтереді, өйткені ірі халықаралық жарыстардағы жеңістер еліміздің әлемдік аренадағы танымалдығын нығайтуға ықпал етеді. Сондықтан, үлкен халықаралық спорттық жарыстар бүкіл әлемдегі теледидарлар экран алдына миллиардтаған спорт жанкүйерлерін жинайды. Ал, рухани құндылықтар арасында әлемдік рекордтар, әлем чемпионаттарындағы жеңістер және Олимпиада ойындарының чемпиондары мен вице-чемпиондары өз елінің танымал, сиылы азаматтары.

Сонымен қатар, әдетте көлеңкеде қалатын үлкен спорттың тағы бір әлеуметтік құндылығы туралы айта кету керек. Бүгінгі күнде тек үлкен спортта белсенді спортшы, чемпиондардың барлық дерлік жүйелердің жұмысын бақылап, жалпы дені сау адамның абсолютті физиологиялық және психикалық шектерін көруге мүмкін болатын іс-әрекеттер саласы. Бұл адамның максималды мүмкіндіктерінің шегін анықтап қана қоймай, сонымен қатар әр адамның табиғи қабілеттерін кәсіби және әлеуметтік қызметте пайдалану жолдарын жетілдіруге, жалпы еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Спорт әлеуметтік маңызды институттардың бірі. Спорт әлеуметтік белсенділіктің бір түрі ретінде бәсекелестік белсенділікті, арнайы дайындықты (мысалы, жаттығу процесі), нақты қатынастарды, нормаларды, жетістіктерді, осы қызмет процесінде пайда болатын белгілі бір құндылықтарды қамтиды.

Спорттың әлеуметтік маңыздылығы әмбебап, қазіргі қоғамның құрылымымен анықталады және оның көптеген функцияларымен сипатталады. Сонымен қатар, спорттың функциялары тек бәсекелестік әрекеттермен, жеңістермен және жеңілістермен шектелмейді, басқа да әлеуметтік маңызды мақсаттарды қамтиды. Спорт қазіргі заманда өз тағдырын табысты жолға қойған тұлғаның, сәтті адамның өміріндегі адал серік.

Жеңіл және сымбатты боп көрінетін дене бітімі, сенімді көрініс болу адамдағы бұл үйлесімділік құрметке лайық. Белсенді өмір салтын ұстанатын спорттық физика адамдары барлық жерде жетістікке жетеді: жұмыста, балалармен, достармен, жаңа достармен. Мұның бәрі оның физикалық тартымдылығына байланысты, басқаларды тартады, сонымен қатар олар жаттығуда қуаттайтын пайдалы энергия арқасында. Егер адам бір кездері өз денесіне назар аудармаса да, процестен де, алынған нәтижеден де оған үлкен рахат әкелетін нәрселермен айналысуды ешқашан кеш болмайды. Ең бастысы – дұрыс көзқарас пен идеалға жақындағысы келеді. Спортқа өмірдің ажырамас бөлігі ретінде бейімделу керек. Басында бұл оңай болмайды – денеге бұл әдетті қалыптастыру үшін уақыт қажет. Уақыт өте келе, спорт басым қажеттілікке айналады.

Әр түрлі әлеуметтік топтар арасында, әсіресе спортпен айналысатын жастардың арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар спорт оларға өмір мен әлемнің жан-жақтылығын көрсетеді екен [17]. «Жастар» ғылыми зерттеу орталығының жүргізіген зерттеулері, спорт жастар үшін жаңа құндылықтар негізін қалушы болып табылады. Мысалы, спортта қазіргі қоғам үшін ең маңызды құндылықтар айқын көрінеді: әр кімнің сәттілік сәті тең берілігені, бірінші болуға ұмтылу, қарсыласты ғана емес, өзін де жеңу³.

Спортшылардың айтуынша, спорт олардың қабілеттері мен қасиеттеріне, сонымен қатар дер кезінде үйренген дағдылыларын өмірде қолдуға, жапы өмірде өздеріне деген сенімін дамытуға көмектесті деп санайды [18]. Спорт мақсатқа жету үшін тұлға кездейсоқ немесе маңызды емес жайттарды құрбандыққа салуды үйретеді. Жас спортшылардың спорт алаңында алған сабақтары, әдетте, ересек өмірде көмектеседі. Көптеген спортшылардың айтуынша, тек спорт олардың нағыз тұлға болуына ыпал етіп, спорт арқылы қазіргі өмірде сәттілікке жетуді үйретті, ал ол өзіне сену, сенімді ақтау және тәртіптің «кұлы» болу деген сөз. Бұл дегеніңіз жетістікке жету ең алдымен адамның жеке қасиеттеріне - өршілдікке, бастамашылдыққа, шыдамдылыққа және жігерлі болу қабілеттіне байланысты екенін білдіреді.

Алайда, спорт арқылы әлеуметтенудің жағымды жақтары туралы сөз қозғағанда, қазіргі спорттың дамуындағы оның құндылықтарына әсер еткен жағымсыз факторлар туралы айтуға болмайды. Кез-келген жағдайда жеңіске жету, жарыстан міндетті түрде медаль алу немес рекорд жаңарту спортта жағымсыз құбылыстардың пайда болуына әкелді, мысалы, допинг, қатыгездік, зорлық-зомбылық және т.б. Сондықтан соңғы кезде «Қазіргі заманғы спорттың адамгершілік қасиеті бар ма, бұл құбылысты тұлға мен қоғамның асыл мақсаттары үшін қызмет істеу үшін не керек?» деген сұрақ жиі туындайды.

Жалпы спорт өз табиғатындағы күш көрсету, жеңу дегенге қарамастан, жоғары адамгершілікке ие, өйткені ол тұлғаның дамуына ықпал етеді, адам денесі мен рухының мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі. Спорттың гуманистік әлеуеті өздігінен жүзеге аспайды ол қоғам спортты қандай мақсаттарға пайдаланатындығына байланысты. Мысалы, XX ғасырдың екінші жартысына бастап спорттағы коммерциализация мен кәсіпқойлық оның мақсаттары мен мүдделерін негізінен табыс табуға бағыттады. Ал ғасыр соңында кәсіпқой спорт бұрын тек әуесқойлардың еншісінде болған олимпиадалық қозғалыстың ажырамас бөлігі болып алды.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда дене тәрбиесі мен спорт маңызды рөл атқарады. Спорттық іс-шараларда көптеген әлеуметтік жағдайлар орын алып жатады, бұл спортшыға өмірлік тәжірибе жинауға, құндылықтар мен көзқарастардың ерекше жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Спорт секциясына немесе спорт мектебіне келген жас спортшы жаңа әлеуметтік салаға енеді: жаттықтырушылар, судьялар, спорттық командалар - әлеуметтенудің жаңа агенттері болады. Сонымен қатар, олар тәрбие мен білім беруге, жаңа әлеуметтік рөлдің тиімді дамуын қамтамасыз ететін мәдени нормаларды игеруге және жас спортшының мінез-құлықтарын жетілдіруге жауапты адамдар. Әр адам үшін бастапқы әлеуметтену кезеңі, әсіресе адамның негізгі психофизикалық және моральдық қасиеттері қалыптасатын уақыт маңызды. Спортшының алғашқы әлеуметтенуіне отбасы және мектеппен қатар, дене тәрбиесі мен спорт әлеуметтік институт ретінде қатысады. Бастапқы әлеуметтенудің агенттерінің арасында бәрі бірдей рөл атқармайды және бірдей мәртебеге ие емес. Мысалы, баланың әлеуметтену барысында ата-ананың орыны маңызды. Сонымен қатар жас спортшы үшін жаттықтырушының жетекші рөлі бар. Тұлғаның құрдастары да бұл үрдістен шеттетілмейді. Олар ата-ана мен жаттықтырушы кешірмейтін жайттарды кешіреді. Бір жағынан, құрдастар, екінші жағынан ата-аналар мен жаттықтырушы жас спортшыға қарсы бағытта әрекет етулері мүмкін. Бұл жағдайда жаттықтырушы негізгі құндылықтарды қалыптастыруда ата-аналардың позициясын күшейтеді, сонымен қатар жас спортшыны спорттық өмір салтына бағыттай отырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік жасайды.

Спорттың құндылықтар жүйесінің әлеуеті бірқатар тәлім тәрбие беру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Спорт - ерлік, тұрақты мінез, ерік тәрбиелейтін мектеп. Спорттық белсенділік жас спортшыға мектепте, отбасында, басқа өмірлік жағдайлар кезінде жиі кездесетін қиындықтарға төтеп беруге мүмкіндік береді. «Екіншілік әлеуметтену» термині екінші кезекте болатын, адамға аз әсер ететін әлеуметтік рөлдерді қамтиды. Спортта олар спорт мектептерінің, клубтардың басшылары, жарыс төрешілері бола алады. Спортшылардың осындай агенттермен байланысы азырақ болады, болса олар қысқа мерзімді, және олардың әсері, әдетте, негізгі агенттерге қарағанда аз болады.

Спортшы, кез-келген адам сияқты, әлеуметтенудің бірнеше кезеңдерінен өтеді. Спортшының әлеуметтену сатыларының жіктелуі оны спорттық іс-әрекетті тұрақты атқарып оның спорттық мансабының қалыптасу кезеңдерімен байланысты болады. Егер біз осы принципті қабылдайтын болсақ, спортшының әлеуметтенуінің келесі кезеңдерін бөліп көрсетуге болады:

- спорттық іс-шараларға қосылу;
- балалар мен жасөспірімдер спортымен шұғылдану;
- әуесқойлықтан кәсіби спортқа ауысу;
- спорттық мансаптың аяқталуы және басқа мансапқа ауысуы.

Әлеуметтенудің бірінші кезеңі спорттық іс-әрекеттің басталу кезеңімен

сипатталады. Бұл уақытта спортқа деген қызығушылық, құндылық бағдарлары қалыптасады, спорпен айналысу құндылықтар негізінде болады. Бұл кезең жас спортшы үшін өте маңызды. Әлеуметтік байланыстардың жаңа тізбегі, алғашқы күш сынағы, алғашқы жеңістер мен сәтсіздіктер жас спортшының қалыптасуына жағдай жасайды. Бұл кезеңінен сәтті өткен балалар саны аз. Бала кезінен спортпен шұғылдануды бастағандардың үштен бір бөлігі осы кезден тоқтайды, ал спортта қалған жас спортшылар спорттық шеберліктерін жетілдіріп, әлеуметтік қатынастардың жаңа кезеңіне енеді және жаңа сапасына көтеріледі. Басқа қалалар мен елдердегі жарыстарға бару, алғашқы жалақы немесе сыйақы алу, сайыстардағы бірінші жеңістер спортшының қоғамдық өмірге белсенді араласуына, мінез-құлық ережелері мен нормаларын білуге, әлеуметтік көзқарастарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл кезең, әдетте, спортшының әлеуметтенуінің екінші сатысымен байланысты. Әдетте шетелде ұйымдастырылатын жарыстар мен оқу-жаттығу жиындар, соған байланысты жылына бірнеше рет болатын көшіп-қону және қоныс аудару, жаңа спорттық нысандар мен жабдықтар жаңа әлеуметтік тәжірибе қалыптастырып, жаңа құндылықтар мен бағдарларды қалыптастырады. Әлеуметтенудің осы кезеңінде спортшы мен жаттықтырушы арасында қалыптасатын экономикалық қатынастар маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтенудің үшінші кезеңі спорттық мансаптың басталуын білдіреді. Спортшы өзінің спорттық дайындығын қамтамасыз ететін спорт клубтың, команданың мүдделеріне бағынады. Оның өмірінде енді жаттықтырушымен қатар, массажисттер, дәрігерлер және менеджерлер ерекше орын алады.

Әлеуметтенудің төртінші кезеңі спорттық мансаптың аяқталу кезеңімен және басқа кәсіптік мансапқа көшумен сипатталады. Әдетте, спортшылар үшін бұл ең қиын өмір кезеңдерінің бірі. Спорттық мансапты аяқтау туралы шешім көбінесе жарақатпен, спорттық көрсеткіштердің төмендеуімен, ұлттық құрамаларға іріктеумен және т.б. байланысты болады. Негативті, көңілсіз жағдайлар спортшыны психологиялық дағдарысқа душар етеді. Спортшының өміріндегі осы жағымсыз жақтарды жеңуде маңызды рөлді спорт мектептерінің жетекшілері, жаттықтырушылар және жақын адамдар атқаруы керек. Қоғам болса спортшыға тиімді әлеуметтік интеграция мүмкіндігіне кепілдік беруі керек. Бұл мәселені шешу үшін заңды негіз құру керек, кәсіби спортшы мәртебесін заңды түрде бекіту қажет.

Сонымен, жоғарыда көрсетілгендей, тұлғаны одан әрі әлеуметтендіру процесі тек қана адамдардың алуан түрлі біліктері мен топтық шеңберінде болуымен шектелмейді. Тұлғаны әлеуметтендіру оны өз бетімен еркін адамзаттың алдыңғы қатарлы тәжірибелеріне, мәдени бағалы құндылықтарына, нысандарына, бағыттарына белсенді араласып, оларды терең игеруге, боына сіңіруге, өндеуге мәжбүр етеді. Бұларды игерудің нақтылы жолдары болады. Олар:

-іс-әрекет, бұған ойын, оқу, еңбек ету;

-қарым-қатынас, адамдардың бір-бірімен ұдайы, үздіксіз алуан түрлі

қоғамдық қатынастарда болуын керек етеді;

-өзіндік сана – сезімді дамыту, бұған ми мен жүректің өз бетінше қызмет, іс-әрекет етуі жатады.

Тұлғалық қасиеттердің ішіндегі аса маңыздысы соның өмірге өзіндік көзқарасының болуы. Адамның көзқарасы ғылыми немесе ғылыми емес болуы мүмкін. Осыдан көзқарастың әлеуметтік жағына көңіл аударсақ, жеке тұлғаның қандай қоғамдық топтарға, саяси қозғалыстарға қызмет жасайтынын, қандай топтар мен қозғалыстарға қарсы екенін, озық ойлы, не кертартпа екенін аңғаратын боламыз.

Сонымен жоғарыдағы теориялық зерттеулер негізінде келесі қорытынды жасауға болады:

-спорт жаттығу және бәсекеге қабілетті қызмет ретінде, максималды нәтижеге жетуге бағытталған, дене шынықтырудың органикалық бөлігі;

-дене шынықтыр материалдық және рухани құндылықтарын беру арналарының бірі және дене тәрбиесі жүйесі тәрбиенің тиімді факторы;

-спорт адамды қоғам өміріне дайындаудың негізгі құралы және эстетикалық және этикалық тәрбие құралдарының бірі;

-спорт дене шынықтырудан, ең алдымен, оның міндетті компоненті – жарысқа дайындалу және қатысумен ерекшеленеді;

-спорт әлеуметтік құбылыс ретінде оның құрамындағы дене белсенділігінің алуан түрлерімен сипатталады;

-мәдениеттің бір түрі ретінде жаңа спорт түрлерінің қалыптасуы мәдениеттің рухани және материалдық түрлерінің дамуымен байланысты;

-спорт мәдениеттің әлеуметтік құбылысы деп тұжырым жасап, оған тартылған адамдар үшін үлкен тәрбиелік мәні бар деп айта аламыз;

-спорттың әртүрлі әлеуметтік функциялары бар болғаны өз кезегінде спорттың әртүрлі бағыттарының болуын ерекшелейді;

-бұқаралық спорт миллиондаған адамдарға физикалық қасиеттері мен қозғалтқыш қабілеттерін жақсартуға, денсаулығын сақтау мен нығайтуға, ұзақ белсенді өмір сүруге мүмкіндік береді.

1.2. Спорт әлеуметтануының зерттеу дәстүрлері

Біздің осы тарауымызда спорт әлеуметтану дербес әлеуметтанулық сала ретінде өзінің тарихы бар екенін және зерттеу бағыттары әр түрлі екенін көрсету жоспарланған. Нақтылы осы бөлімде ғылыми бағыттың қалыптасу тарихы қарастырылады, спорт және дене тәрбиесі социологиясы саласындағы қазіргі ғалымдардың жұмыстарына назар аударылады. Көптеген еңбектерде спорттың әлеуметтік функциясы, оның әлеуметтік салаға және тұлғаның әлеуметтену процесіне әсері туралы талдаулар мен зерттеулермен ерекшелінеді.

Дене шынықтыру және спорт мәселелері алғаш рет XX ғ. 20 жылдары әлемдік деңгейде әлеуметтанушыларды зерттеу пәні болды, алайда бұл саладағы зерттеулер ұзақ уақыт бойы социологиялық білімнің перифериясында болды.

Бұл дене шынықтыру және спорт мәселелеріне ғылыми қызығушылықтың өсуін белгілеуге және қазіргі заманғы зерттеулердің бірнеше басым бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді: спорттың әлеуметтендіруші функциясы (халықтың әртүрлі топтары мысалында), салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорт тарихы әлеуметтік институт ретінде, спорт қызметінің әлеуметтік-мәдени, философиялық және құқықтық аспектілері, кәсіби спорттың ерекшелігі, дене шынықтырудың жастарға және т. б. әсері. Бұл ретте ресейлік спорт журналдарындағы әлеуметтік жарияланымдар дене шынықтыру туралы мақалаларға қарағанда - социологиялық басылымдарда жиі кездеседі.

Дене шынықтыру және спорт әлеуметтануы соңғы жүз жылда ғылыми пән ретінде бірте-бірте қалыптасты, алайда оның қазіргі социологияның пәндік өрісінде бұқаралық және кәсіби спортты дамыту мәселелеріне қоғамдық және мемлекеттік қызығушылықтың өсуіне қатысты әлі де күрделі және тұрақты зерттеулерді қажет етеді. Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттердің академиялық ортасында ғылыми зерттеулердің өзекті тақырыбы, сондай-ақ әлеуметтік жобалар мен стратегияларды әзірлеу мен іске асырудың маңызды бағыттарының бірі спорт және дене шынықтыру проблематикасы болып табылады. Осы мәселелерге деген қызығушылықтың артуы соңғы кезде айқын және оның ішінде қоғамдық санада және мемлекеттік саясатта спорттың, дене шынықтыру мен салауатты өмір салтының маңыздылығының өсуіне байланысты.

Сонымен қатар, спорттың дамуына, ондағы өзгерістерге, әр түрлі көріністеріне БАҚ да назар аударады: Олимпиада ойындары мен халықаралық жарыстарды көрсету, шешімдерді жариялау, допингтік дау-жанжалдар мен спортшылардың өзара қарым-қатынастары кейде оқырманның және көрерменнің қызығушылығын тек жарыстарға ғана қатысты етіп қоймай, жалпы әлеуметтік және саяси саланың өзекті мәселелеріне айналдырды.

Спорт социологиясы саласындағы белгілі кеңес дәуірінің ғалымы О.А.Мильштейннің пікірінше, «дене шынықтыру және спорт социологиясының орталық мәселелерінің бірі спорт және жеке тұлға болып табылады, ол бірқатар аспектілерге ие - жеке тұлғаның шығармашылық азамат ретінде жан-жақты үйлесімді дамуына ұмтылу; халықтың қалың көпшілігінің дене шынықтыру-спорт қызметіне ұмтылу; спортты көрініс, ойын-сауық объектісі ретінде тұтыну; спорттық ең жоғары нәтижелерге қол жеткізу жолдарындағы әлеуметтік факторларды зерттеу» [19]. Демек, кеңестік әлеуметтанушылар спорт пен дене шынықтыруың жан-жақты әлеуметтік детерминанттары бар екенін мойындаған.

Тәжірибелі зерттеуші Н.Н.Визитейдің, «спорт социологиясы индивидтердің спорт саласындағы әлеуметтік өзара іс-қимылы барысында қалыптасатын қарым- қатынастың құрылымы мен сипатын зерттейтін ғылыми пән ретінде анықтауға болады» деп топшылауы кездейсоқ емес [20]. Өйткені, спорт саласындағы сан қилы әлеуметтік қатынастар жан-жақты талдауды, ерекшеліктерді анықтауды қажет етеді.

Ресейлік ғалымдар П.А.Виноградов, В.И.Жолдақ, және В.И.Чеботкевич спорт және дене шынықтыру социологиясын ғылым ретінде қарастырып, әлеуметтік байланыстарды «дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық қатынастар мен өзара іс-қимыл» көріністерін және құрылымын, механизмдерін және сипатын анықтайды [21]. Бұл ғалымдар қоғам мүшелерінің өмір салтындағы дене шынықтыру мен спорттың рөлі мен орнын, сондай-ақ олардың дене шынықтыру, спорт қызметіне қатысуына байланысты адамдардың әлеуметтік өзара қарым- қатынасын қарастырып зерттейді. Нәтижесінде, XX ғасырдың соңғы декадасындағы ресейлік зерттеушілердің арасынан бірінші болып спорт және дене шынықтыру бір тұтас деген тұжырымға келеді.

Тарихи деректерді талдайтын болсақ, XX ғасырдың басында спорт социологиясының қалыптасуы және дамуы әр елде әр түрлі болды. Мысалы, Еуропа мен Солтүстік Америкада алғашқы зерттеулер мен оның нәтижелері бойынша мақалалар 1920 жылдары пайда болды. Бірақ, жеке пән ретінде спорт социологиясы 1960 жылдарға дейін дамыған жоқ. Шетелдерде жиырмашыңшы ғасырдың орта кезінде тәуелсіз ғылыми пән ретінде спорт әлеуметтануы қалыптасты, бұқаралық спорт пен кәсіпқой спортқа қоғам зерттеушілерінің қызығушылығы артты, сол кездерде, эмпирикалық және қолданбалы зерттеулер көбейді.

Жалпы спорт әлеуметтануының анықтамасы мен зерттелу деңгейіне келсек, оны алғаш рет теориялық тұрғыдан зерттеу шетел ғалымдарының еңбектерінде орын алған болатын. Мысалы, 1921 жылы Г. Риссе «Спорт әлеуметтануы» атты кітап жазып, тұңғыш рет спорт әлеуметтануы деген ұғым қалыптастырды [22]. Спорт әлеуметтануымен алғашқылардың бірі болып, Францияда – Ж.Дюмадзье, Ж.Мейно, Англияда – П.Макинтош, АҚШ-та – Г.Люшен, Г.Кенъон, Германияда – Г.Плеснер, Г.Ленка және т.б. айналысты.

Уақыт өте келе КСРО ғылыми орталықтар қалыптасты, онда қоғамтанушы ғылымдардың қатарында социологиялық мәселелер де қарастырылды. Бірінші кезекте оларға Мемлекеттік орталық Ленин орденді Дене шынықтыру институтының тәрбие теориясы мен әдістемесі кафедрасын жатқызуға болады, онда белгілі педагог және ғалым А.Д.Новиковтың жетекшілігімен 1940-1950 жылдары дене тәрбиесінің жалпы негіздері зерттелді. Сондай-ақ, спорт пен жеке тұлғаның, спорт пен қоғамның, спорт пен өмір салтының өзара іс-қимыл мәселелері зерттелді [23]. Осы жылдары дене тәрбиесі және спорт социологиясы саласындағы басқа да ірі ғылыми орталықтар болды. Мысалы, П.Ф.Лесгафт атындағы Ленинградтық дене шынықтыру институтында профессор Е.Ю.Зеликсон басқаратын дене шынықтырудың әлеуметтанулық негіздері кафедрасы және Мәскеудегі орталық дене тәрбиесі институты ашылды. Осы кезеңде негізінен ғалымдар дене шынықтыру және бұқаралық спорт мәселелерін зерттеді.

Сонымен қатар, жүріп жатқан соғысқа қарамастан КСРО басшылығы ұлттық республикаларда ЖОО негіздерін қалады. Олардың қатарында Қазақ мемлекеттік дене шынықтыру институты болды. Бұл институтты КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің Алматыда ашу туралы қарары 1944 жылдың 14 қарашасында қабылдады.

Спорт әлеуметтану мәселелері бойынша еңбектер тек кеңес еліндегі мәселелерді қарастырып қоймай, шет елдер тәрибесін де зерттеді. Мысалы, 1951 жылы Н. И. Пономаревтің шет елдердегі кәсіби спорт пен әуесқой спорттың ерекшеліктері туралы зерттеуінің нәтижелері жарық көрді [24]. Ал 1960-1970 жылдары М.Арвисто, В.Артемов, Т.Кукушкин, В.Жолдак, О.Мильштейн, В.Столяров, И.Вишневский, В.Выдрин және басқа авторлардың дене шынықтыру және спорт социологиясының әдіснамалық мәселелеріне арналған зерттеулер, халықтың әртүрлі топтарының спорпен айналысу ерекшеліктері анықталған қорытындылар, жастардың спорпен айналысуға итермелейтін себептерді зерделеген жұмыстары жарыққа шығады [25]. Мысалы, 1963 жылдан 1975 жылға дейін Северодонецкіде «Денсаулық және спорт қаласы» қозғалысы шеңберінде өнеркәсіп кәсіпорындарының еңбекшілеріне кешенді тексеру жүргізілді, бірнеше рет жаппай әлеуметтік сауалнамалар таратылды [26].

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап спорт әлеуметтануының халықаралық деңгейде институционализация үрдісі аяқталды. 1964 жылы ЮНЕСКО жанындағы спорт әлеуметтануының халықаралық комитеті (International Committee for the Sociology of Sport (ICSS)) құрылды, ол әлемде дене шынықтыру және спорт социологиясының қалыптасуы мен дамуына ықпал етті. Бұл комитеттің

⁴ Спортивная энциклопедия систем жизнеобеспечения, 2011.

негізін қалаушылардың арасында кеңес ғалымы Александр Новиков болды. Бұл комитет 1995 жылдан бастап атауын Халықаралық спорт әлеуметтануы ассоциациясы болып өзгерді (International Sociology of Sport (ISSA)).

Тұрақты басылымдар қатарына спорт әлеуметтануы жариялынымдар енді. Мысалы, 1966 жылдан бастап жыл сайын «Спорт әлеуметтанудың халықаралық шолуы»⁵ журналы шығады. Ал 1978 жылдан бастап Солтүстік Американдық спорт әлеуметтану қоғамы «Спорт және бос уақыт туралы шолу»⁶ жариялай бастады.

Осыдан кейін спорт әлеуметтануы бойынша халықаралық конференциялар, симпозиумдар және семинарлар жиі өткізіле басталды. Оларды 1966 жылдан бастап Спорт әлеуметтануының халықаралық комитеті өкізеді. Мысалы, алғашқы семинар 1966 жылы ГФР Кельн қаласында «Спорттағы топтар және кіші топтарды зерттеу» тақырыбында өткен болатын.

Кеңестер одағында 1968 жылы Ғылым Академиясының социологиялық қауымдастығының құрамында дене шынықтыру және спорт социологиялық мәселелерінің ғылыми-зерттеу секциясы құрылды. Оның бірінші төрағасы болып А.Новиков сайланды. Спорт әлеуметтануының беделінің өскен белгісін халықаралық деңгейде Варнада 1970 жылы өткен 7 дүниежүзілік әлеуметтанулық конгресте тұңғыш рет «Спорт әлеуметтануы» жұмыс тобы дүниеге келгенінен көреміз.

Кең көлемде спорт әлеуметтануына көңіл бөлу халықаралық деңгейде 1978 жылы Упсалада өткен ІХ Халықаралық әлеуметтанушылар конгресінде байқалды. Онда спорт және әлеуметтік даму, спорт әлеуметтануының методологиялық проблемалары, спорт, саясат және халықаралық қатынас тағы басқа тақырыптардың мәселелері көтерілді.

Сол 1978 жылы спорттың философиялық-әлеуметтанулық мәселелерін зерттеуге байланысты Болгария, Венгрия, Германия, Польша, Чехословакия және КСРО ғалымдарының халықаралық ынтымақтастығы құрылды (жетекшісі- профессор В. И. Столяров). Бірлескен халықаралық зерттеудің басты тақырыбы

«Спорт, өмір салты, мәдениет» тақырыбы болып таңдалды, ол адамдардың өмір салтындағы және қазіргі заманғы мәдениет құндылықтары жүйесіндегі спорт рөліне қатысты маңызды және күрделі әлеуметтік проблемалардың кең шеңберін қамтыды. Осы топ бірнеше халықаралық нақты әлеуметтанулық зерттеулер жүргізді.

Кеңестер одағында ғылыми зерттеу орталықтарда зерттеулер мен зерттеушілердің саны өсе бастады. Мысалы, профессор Г.И.Кукушкиннің басшылығындағы Бүкілодақтық Дене шынықтыру ғылыми зерттеу институтының дене тәрбиесі жүйесі және дене шынықтыру қозғалысының әлеуметтік мәселелерін зерттеу секторында 1960 жылдың аяғында 50 штаттық ғылыми қызметкерлер ізденіс жұмыстарын атқарды [23].

Кеңестік спорт әлеуметтанушыларының өскен беделін сипаттайтын 1979 жылы Тбилисиде спорт әлеуметтану халықаралық комитетінің конференциясы өткенін айта кету керек.

Кеңестер одағында 1970-1980 жылдары дене шынықтыру мен спортты насихаттау белсенді зерттелді. Келесі зерттеушілер П. А. Виноградов, А. В. Оганесян, И. И. Переверзин олимпиадалық тақырыпты дамытты. Ал 1971-1977 жылдары О.Мильштейн «Кеңестік олимпия споршының өмір салты және спорттық мансабы» [27] атты бүкілодақтық ірі көлемдегі социологиялық жобаны басқарды. Ол кездері Олимпиада қатысушылары ресми түрде әуесқой спортшылар болып саналса да, шын мәнінде бұл жоба спорт өмірінің өзегіне айналған адамдарға арналған алғашқы ауқымды зерттеу болды.

Бұдан кейінірек, әсіресе 1990 жылдардың басында спорт әлеуметтануында өзара байланысты ұйымдастыруда және зерттеулерді қамтамасыз етуде жеке авторлардың дара шығармашылық бастамасы арта бастады. Спорт және денешынықтыру әлеуметтанушыларының шығармашылық жұмысын біріктіретін және қолдайтын нақты орталық ретінде ВНИИФК функциялары нығайды. Осы институт ғалымдарының, атап айтқанда әлеуметтанушылардың қатысуымен, әсіресе спорт туралы заңнамасының негіздерін, дене шынықтыруды дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы бағдарлама, дене шынықтыру білім беру жүйесін жетілдіру концепцияларын, халықтың дене тәрбиесін, спорт саласындағы нормативтік негіздерді, қоғамдық пікірді және бұқаралық ақпарат құралдарының спортты дамуында пәрменділігін, халықаралық спорт қозғалысының және шетел спорт ұйымдарының проблемалары мен тәжірибесін әзірлеуде көрініс тапты [26].

Кеңес одағы тараған соң спорт әлеуметтануы бойынша зерттеулер саны азайды. Қалыптасқан дәстүрі мен нақтылы ғылыми инфрақұрылымы бар Ресейде ХХ ғасырдың соңғы 10 жылында 28 мақала жарияланған (Фомин, Починкин, Котов, 2000). Ал Қазақстандық ғалымдардың кәсіби спорт пен әуесқой спорттың әлеуметтік мәселелері туралы бір де бір зерттеу нәтижелері жарық көрмеген. Тек 1994 жылы Қазақ дене шынықтыру институтының оқытушылары М.Таникеев, О.Н. Белоус және С.М. Фридманның құрастыруымен «Дене шынықтыру және спорт әлеуметтануы» оқу құралы басылып шықты [22].

Енді ХХІ ғасырда спорт әлеуметтанушысы ғалымдар кең көлемді зерттеулерді ұйымдастырып, ал ғылыми қауымдастық халықаралық деңгейдегі ғылыми жиындарды өтізіп келеді. Соның бірі, 2016 жылы Будапешт қаласында өткен «Спорт, жаһандық даму және әлеуметтік өзгерістер» атты Халықаралық спорт социологиясы ассоциясының (ISSA) 51-ші дүниежүзілік конгресі. Конгресте спортпен байланысты әртүрлі мәселелер көтерілді: этностық, гендер, БАҚ, саясат, этика, экономика, сыныптар, көші-қон, жастар, денсаулық, зорлық-зомбылық, білім беру, жаһандану, бірегейлік және т. б. Осы тақырыптардың алуан түрлілігін талқылау бір жағынан спорттың қазіргі қоғам өмірінің барлық салаларымен тығыз байланысы туралы, ал екінші жағынан - әлеуметтік ғылымның осы бағытындағы қарқынды халықаралық зерттеулер туралы куәландырады. Қазақстандық әлеуметтанушылары бұл ғылыми жиынға қатысқан жоқ.

Пермь мемлекеттік техникалық университетінің Дене шынықтыру

кафедрасының меңгерушісі В. Д. Паначев өзінің бірнеше зерттеуінде спортпен айналысатын жастардың жеке тұлғасын қалыптастыруға ерекше назар аудара отырып, спорттың әр түрлі қызметтерін талдайды және ЖОО-да дене тәрбиесін ұйымдастыру ерекшелігін қарастырады, тұлғаның даму мәселесін спорт түрлерімен айналысуын байланыстырып зерттейді [29].

К. Кардялис, С. Шукис және Р. Янкаускене мақалалары студент жастардың үлгісінде денсаулық пен дене шынықтырумен айналысуының түрлі аспектілеріне арналған [30]. Львов дене шынықтыру академиясының дене шынықтыру және спорт әлеуметтік мәселелері зертханасының қызметкерлері С. Шукис, К. Кардялис, Р. Янкаускене өзінің тағы бір мақаласын жасөспірімдер мен жастардың мінез- құлқының жағымды және жағымсыз үлгілерін қалыптастыруға спортпен шұғылданудың әсерін талдауға арнады. Олар 1995 жылдан 2003 жылға дейін шетелдік журналдардағы жарияланымдарды талдай отырып, спорттың тұлғаны өзін-өзі құрметтеуге ықпалын анықтаған.

Спортқа тән әлеуметтендіру функциясын К.Скучас мүгедектердің мысалында қарастырады. Спортпен шұғылданатын және айналыспайтын мүгедектер тобын салыстыра отырып, автор дене белсенділігінің өзін-өзі бағалауға оң әсерін, социумға қосылуын және өмір сапасына қанағаттануын атап көрсетеді [31].

Нақты аймақтағы дене шынықтыру және бұқаралық спорт мәселелерін М.А. Гуревич және Т.Ю.Радилова мақаласында көтеріледі. Челябинск қаласының тұрғындарына сауалнама жүргізу негізінде олар респонденттердің адам үшін дене белсенділігінің маңыздылығын жоғары деңгейде мойындауының және тұрғындардың тікелей спорттық практикаға төмен қосылуының арасындағы тепе- теңдікті атап өтеді [32].

«Социологиялық зерттеулер» журналында жарияланған бірнеше мақалалар кәсіби спортқа арналған. Мысалы, Л.Вакан белгілі П.Бурдые идеяларына сүйене отырып, іштей бақылау тәжірибесі негізінде боксшы профессионалдың қалыптасу процесін сипаттайды [33]. Бұл журналында әлеуметтік феномен ретінде спортты теориялық талдауға арналған жұмыстар да кездеседі. Литва авторлары С.Ласкане және В.Чингене Еуропа спорт ғылымы орталығының жұмысын талдай отырып (Германияда орналасқан), спорт зерттеулерінде биомедициналық бағыт басым екенін айтады. Дегенмен, ол әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени зерттеулер де дамып келеді дейді және мақалада спортты зерттеудің қазіргі әлеуметтік парадигмаларын талдауға әрекет жасалады.

2014 жылы Утрехт университетінде (Голландия) өткен Еуропалық спорт социологиясы қауымдастығының Халықаралық конференциясының қорытындысын Л.Н.Вдовиченко өз мақаласында саланың даму перспективалық бағыттарын көрсете отырып, заманауи мәселелерге талдау жасайды [34].

Аталған кезеңде «Әлеуметтану және әлеуметтік антропология» журналында «Спорт, жаһандық даму және әлеуметтік өзгерістер» атты спорт әлеуметтану бойынша бір мақала жарияланды. Мақалада 2016 жылдың маусым айында Будапештте өткен конгреске шолу, сондай-ақ халықаралық спорт социологиясы қауымдастығы (ISSA) тарихының кейбір кезеңдерін көрсетеді, сондай-ақ осы саладағы көптеген заманауи зерттеулердің негізгі жетістіктері пәнаралық сипатта болғаны көрсетіледі.

Ресейдің «Социологиялық ғылым және әлеуметтік практика» журналы 2013 жылы И. Н. Трофимованың «Жастар: тәуекел тобы және спорт» атты мақаласын басып шығарды. Автор ВЦИОМ, РФА ӘИ және басқа да социологиялық зерттеу орталықтар зерттеулерінің материалдарын екінші рет талдап жаңа қортындыға келеді.

Тұрақты түрде спорт мәселесіне қатысты баспалардың бірі «Спорт ғылымы хабаршысы» журналын айтуға болады. Басылым 2003 жылдан бастап шығады. Басылымдардың негізгі тақырыбы жоғары жетістіктер спортының теориясы мен әдістемесі, балалар мен жасөспірімдер спортының теориясы мен әдістемесі, профилактикалық және спорттық медицина мәселелері және т.б. Бұнда 2003 жылдан бастап 2017 жылдың басына дейін спорттың әлеуметтік аспектілеріне қатысты бір неше мақала жарияланды. Бұл, атап айтқанда, спортты саясаттың элементі ретінде қарайтын жарияланымдар, немесе федералдық және өңірлік билік арасындағы рөлі туралы. Журналда А. В. Кыласовтың қазіргі қоғамдағы этносспорт және Олимпизм идеялары туралы мақалалары және С.Ю.Бариновтың спорттық іс-әрекеттің мәдени аспектілеріне арналған, студенттердің гуманистік қарым-қатынасын қалыптастыру туралы мақаласы бар [35].

Ендігі кезекте 1925 жылдан бастап шығарылатын «Дене тәрбиесінің теориясы мен практикасы» журналына ерекше назар аударғымыз келеді. Журнал спорттағы менеджмент, Ресейде және шетелде дене шынықтыруды дамытудың құқықтық және әлеуметтік-мәдени аспектілеріне арналған материалдарды орналастырады. 2000 жылдан 2017 жылға дейін бұл журналында спорттық қызметтің әлеуметтік зерттеулеріне байланысты 57 мақала жарияланған. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың, спорттың балалар мен жастардың әлеуметтенуіне әсерін және әртүрлі деңгейдегі оқу орындарында дене шынықтыруды оқытудың ерекшеліктерін кеңінен зерттейтін мәселелерден басқа журналда көптеген сұрақтар талқыланады [36].

Мысалы, зерттеушілердің назарын кәсіби дайындық мәселелері, содан кейін кәсіби спортшыларды қайта әлеуметтендіру және әлеуметтік бейімдеу, қазіргі қоғамдағы әйелдерге спорттың әсері. Көптеген мақалалар әлеуметтік-мәдени, философиялық және құқықтық аспектілерге арналған, сондай-ақ, зерттеушілердің назарына жанкүйерлер мен еріктілер сияқты арнайы топтардың спортпен байланысты іс-әрекеттерінің ерекшеліктері ілінген [37].

Жалпы, спорт бірте-бірте әлеуметтанушылардың ғылыми қызығушылықтары саласында өз орнын алды деп атап өтуге болады. Біз қарастырып отырған кезеңде (2000-2017 жылдар) осы мәселе бойынша

бірнеше диссертация қорғалды. Мысалы, В.С.Козлованың «Спорт әлеуметтік-қоғамдық сала ретінде: қалыптастыру, қызмет ету, басқару» докторлық диссертациясы және А.А.Славконың «Студент жастардың дене шынықтыру-спорт қызметінің әлеуметтік-мәдени әлеуеті және оны тиімді пайдалану шарттары» кандидаттық диссертацияларын атап өтуге болады [38].

Кейбір диссертациялар институциональдық көзқарас арнасында орындалды: В.Д.Паначевтің «Қоғамның дене шынықтыру мәдениетіндегі спорт: институциональдық негіз» докторлық диссертациясы (2008), Е.В.Шапкинаның «Спорт мектебінің әлеуметтік жауапкершілігі» (2009) және В. В. Сенчук «Ресейдегі спорттың әлеуметтік институт эволюциясы» (2012) кандидаттық диссертациялары. М.Е.Абросимованың «Мүмкіншіліктері шектеулі адамдардың әлеуетін іске асырудағы адаптивтік спорттың теоретико-методологиялық рөлін талдау» (2012) кандидаттық диссертациясы даму ерекшеліктері бар тұлғаларды әлеуметтендірудегі спортты орны қандай деген сұраққа жауап береді [38].

Соңғы кезде Ресей әлеуметтанушы зерттеушілердің бір бөлігі кәсіби спорт ерекшелігіне назар аударады, мысалы олардың арасында Т.А.Михайловның «Қазіргі Ресейдегі спортшылардың кәсіби қызметі мен спортының әлеуметтік мәдени аспектілері» (2016), М.Л.Митрофановтың «Кәсіби футбол клубтарын басқару (Ресей кәсіби футбол лигасының мысалында)» (2011), А.А.Корнеевтің «Әлеуметтік-еңбек қатынастары жүйесіндегі спорт» (2004), М.П.Безруковтың «Спортшылардың әлеуметтік-кәсіби тобын әлеуметтік қорғау» (2002) сияқты зерттеулері бар [38].

Біз ХХІ ғасырдың басынан бері Қазақстанда дене шынықтыру мен спортқа мемлекеттік және қоғамдық қызығушылық айтарлықтай өсті деп айта аламыз. Денсаулық, дене шынықтыру және спорт мәселелері әлеуметтанушылардың зерттеу нысанына айналып отыр. Мысалы, доцент Б.Смағамбет спорттағы мәселелерді ғылыми тұрғыдан, әлеуметтанулық теория мен тәжірибенің жетістіктерімен қарастыруы өте орынды [39]. Сонымен қатар, Б.Смағамбет заманауи әлеуметтанулық зерттеулерде спорт әлеуметтануының халықаралық жетістіктері және даму трендтерінің ерекшеліктерін талдауы қазіргі Қазақстандық ғалымдардың бұл саланың дамуына қомақты үлес қосып келе жатқандарының белгісі [40].

Қазақстандағы дене тәрбиесі және спорттың дамуы әлеуметтану тұрғысынан әлеуметтік институт ретінде зерттеу аса қарқын алмай отыр. Бұл тақырып төңірегінде тәрбие беру, педагогикалық аспектілер жөнінде зерттеулер бар. Ғылыми аналымда халықтық дене тәрбиесі және спорттың тарихи-этнографиялық туралы зерттеулер басым, көбінесе қазақ мәдениетінің бір бөлігі ретінде ұлттық ойындардың даму тарихы жайлы жұмыстар кездеседі. Елдегі спортты насихаттауға бағытталған биографиялық, монографиялық, қазақтың ұлы спортшылары жайлы ақпараттар басым.

Дәлірек айтсақ бұқаралық спорт әлі де нақтылы көпшіліктің шынайы

көңілмен айналысатын әрекеттер бола қойған жоқ. Ондай көңілдің болмауы себептері бар. Келтірілген 1 кестеден негізгі себеп ол индивидке тән жалқаулық екенін көруге болады, бірақ оны респонденттер «Ниетім жоқ» деген жауап арқылы жасырады.

1-

кесте

Себептер	%
1. ниетім жоқ	35,0
2. спорттың кешендердің жетіспеушілігі	25,1
3. қаржы-қаражат жетіспеушілігі	22,0
4. спорттық дәстүрлердің қалыптаспағаны	15,3
5. тәрбиенің кемшілігі	6,4
6. үгіт-насихаттың аздығы	5,1

Спортпен шұғылданбаудың негізгі себептері.

Осыдан он жылға жуық бұрын жүргізілсе де зерттеудің эмпирикалық деректері соңғы екі-үш жылдық нәтижелермен ұқсас, тіпті кей мәселелер бойынша дәлме-дәл келеді [41]. Бұл ізденістер елімізде спорт әлеуметтануының өзіндік маңызы бар орталық пен ғылыми мектептің негізін қалауда деуге болады. Бұл туралы дене шынықтыру және спорт мәселелеріне арналған докторлық және магистрлік диссертациялар санының артуы да айтады. Мысалы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 2019-2020 оқу жылында «Әлеуметтану» мамандығы бойынша екі докторант спорт әлеуметтану аясындағы тақырыптарды зерттемекші. Мысалы, бұқаралық спорттың даму ерекшеліктерін Е.Мансуров анықтамақшы, ал студенттік спорттағы акторлардың ықпалын Е.Байтасовтың зерттеулер нәтижесінен көреміз [42]. Бакалавр мен магистранттардың 2016-2020 жылдардағы әуесқой жүгірушілердің құндылықтар жүйесінің трансформациясы туралы зерттеуі (Жекен Жакупов), сонымен қатар жекпе-жек спорт түрлерінің танымалдығына әлеуметтік факторлардың әсерін талдаған жоба (Ғабит Искаков) және басқа да ізденістер болашағы зор әлеуметтанулық саланың алғашқы қадамдары.

Қазақстанның басқа оқу орындарында, мысалы Қазақ спорт және туризм академиясының ОПК өкілдері М.З.Есқалиев, А.А.Иманбаева және басқалары спор пен дене шынықтыру теориясымен қатар өз ізденістерінде спорт әлеуметтануының да мәселелерін қарастырып жүр. Мысалы, профессор М.З.Есқалиев студенттік спорттың дамуы әлеуметтік факторлары мен салауатты өмір салтының дәстүрлері турлы зерттеулері [43]. Жас ғалым А.А. Иманбаеваның спорт әлеуметтануының теориялық проблемаларын талдау барысында анықтаған жеке тұлғаны спорт арқылы дамытудың мүмкіндіктері туралы ұсыныстары өте орынды [22].

Жалпы бүгінде әлемдік ғылымда спорт және оның басқа да әлеуметтік құбылыстармен байланысы жеткілікті талқыланып келе жатса да Қазақстандық әлеуметтану ғылымында спорт және дене шынықтыру

әлеуметтану мәселелері әлі де тиісті деңгейде жарияланбай келеді. Алдыңғы қатарлы әлеуметтанулық журналдарда мақалалар жоқ деуге болады. Бірақ, жарық көрген мақалаларда зерттеу объектісі ретінде жастар жиі таңдалады (спорттың әлеуметтендіру қызметін зерттеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру және басқалары).

Қазіргі заманда көптеген әлеуметтік және саяси жобалар мен бағдарламаларды дайындау мен іске асыруда спорт және дене шынықтыру мәселелерін ескермеу мүмкін емес. Оның себебі күнен күнге қоғамдық сана мен мемлекеттің саясатында өсіп келе жатқан спорт, дене шынықтыру мен салауатты өмір салтының маңыздылығы мен қажеттілігі.

Спорт және дене шынықтыру мәселелері деп біз жастардың спортпен айналысуы, спорт және қоғам, спорт және ауытқушылық және де одан басқа спорт саласындағы әлеуметтік сипаттағы қатынастарды жатқызамыз. Бұлардың бәрі бүгінгі күнде дербес зерттеу саласына айналған спорт және дене шынықтыру әлеуметтануы аясында қарастырылады.

Біздің диссертацияның осы бөлімінде ХХ ғасырдағы спорт әлеуметтану бойынша спорттың функциясы, оның әлеуметтік салаға және тұлғаның әлеуметтену процесіне әсері туралы еңбектерді талдау көзделген.

Сонымен ХХ ғасырдағы спорт әлеуметтану бойынша алыс шет елдік ғалымдардың спорттың функциясы, оның әлеуметтік салаға, тұлғаның әлеуметтену процесіне әсері туралы еңбектердің жан-жақтылығы байқалады. Олардың бәрі заманауи спорт әлеуметтануы зерттеулердің құнды негізі бола алады.

Қорытындылай келе, дене тәрбиесі мен спорт әлеуметтік құбылыс ретінде әлі де зерттеулерді талап етеді. Дене тәрбиесі мен спорттың институттық ролі, яғни әлеуметтік институт ретіндегі мәні, әлеуметтік құндылықтар, нормалар, заңдылықтар, принциптер, атқаратын қызметтерін зерттеу қажет. Нарық заманында, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының тұрақсыздығы, оның ішінде табыс мөлшерінің өзгеруі өтпелі кезеңде адамның дене тәрбиесіне, өзінің денсаулығына, салауатты өмір салтына деген қарым-қатынасын өзгертіп отыр. Мемлекеттегі спорттың қалыптасуы, бүгінгі таңда әлеуметтік құрылымда қандай орнын алып тұр және болашақта спортты қоғамның мәдениетіне және жастар тәрбиесіне интеграциялау үшін қандай шаралар қажет деген сұрақтар әлеуметтанушылар назарында болып, оның зерттеу пәні болуы тиіс. Бұл жердегі негізгі мақсат – қазақстандықтардың бойында спорт пен дене тәрбиесіне қатысты жаңа құндылықтар кешенін қалыптастыру.

2 – ТАРАУ. Экс-спортшылардың өмірлік траекториялары

2.1 Әлеуметтанудағы өмірлік траекториялар ұғымы

Әлеуметтік және өмірлік траекториялар өте күрделі әлеуметтік және психологиялық факторларға тәуелді. Олар: идеялар, сенім мен наным, сенім мен мінез-құлық, адамның зияткерлік қабілеттері және т.б. Тұлғаның диспозициялық негіздерін салт-дәстүр, тәрбие мен еліктеу құрайды, траекторияның бағытына ықпал жасайды. Әлеуметтану ғылымында өмірлік траекториялар мәселесі әр түрлі аспектіде әр түрлі әлеуметтік топтармен байланыстырылып қарастырылады. Мысалы, біз осы зерттеуімізді спортшылардың мәселелерін қарастырсақ, профессор С.А.Чернышев болса жасөспірімдердің тәжірибесіне аранаған.

Олардың әлеуметтенуін зерттей келе, ғалым әлеуметтену траекторияларының векторлары жеті бөлек кезеңдерден тұрады деген. Олар: әлеуметтену субъектілер жүйесінің іріктелуі; сәтті әлеуметтену үшін қажетті әлеуметтік ресурстар мүмкіншілін талдау; тұлғаның әр түрлі әлеуметтік топтармен қарымқатынас барысында әсер етеін әлеуметтену факторларын анықтау; тұлға әлеуметтік мәдени жағдайаттарда болуы мүмкін кездер; субъектілі дүниеде пайда болатын жаңа құбылыстар; тұлғаның өзін өзі анықтау қажеттігі; тұлғаның өмірлік мақсат пен мүдделері.

Әлеуметтанушыларды жастардың әлеуметтік мәртебесі, оны қоғамның әлеуметтік құрылымына енгізу, білім беру, еңбек және демалыс саласындағы жағдайлары зерттеу мәселелері болады. Осы тәсілді пайдалана отырып, әлеуметтанушылар жекелеген жастар топтарының өзіндік ерекшеліктері мен өмір сүру стиліне назар аударған, қала жастарын (Г.Науменко, Г.Осадчая, В.Скрипунова), ауылдық жерлердің жастары (П. Ельчанинов, Т. Захарова, И. Левикин, П. Михеев, В. Полетаев), «бейресми» (девиантты) жастардың (Г.Забрянский, Н. Кофирин, А.Салагаев) мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеді [44].

Ал зерттеуші Г.Чередниченконың пікірі бойынша, жастардың өмірлік траекториясын қалыптастыру процесін зерделеу қоғамдық өндірістегі жастардың жағдайы мен ерекше функциялары, оның әлеуметтік дамуы, жастардың әлеуметтік қатынастағы субъективтілігін қалыптастыру және жүзеге асыру туралы мәселелермен байланысты [45].

Әлеуметтану ғылымының кандидаты И.Потемкина өмір жолын анықтау (әлеуметтендіру траекториясы) - бұл тек жеке ғана емес, сонымен қатар қоғамдық проблема, оны шешуге тұлғалар ғана емес, олардың ата-аналары да, мектеп, ЖОО ғана емес, сондай-ақ қоғам да мүдделі болуы тиіс дейді. Өмірлік жолды (әлеуметтендіру траекториясын) таңдау, егер ол тек жеке тұлғалық қана емес, сонымен қатар қоғамдық тұрғыдан қарастырылса, адами ресурстар, экономиканың, мәдениет пен ғылымның түрлі салаларын кадрлық қамтамасыз ету перспективасы туралы өте маңызды мәселені шешумен үйлесімді біріктіріледі деп қорытындылаған [46].

Адамның жеке өмірлік жолы әрқашан қоғам тарихымен байланысты. Тұлғаның дамуына әлеуметтік-саяси өзгерістер, олардың күші мен жылдамдығы әсер етеді. Егер де тұлғаның белгілі бір тұрақты саяси ұстанымдары бар болса да, стихийялы өзгерістер кезінде деактуализацияға ұшырап жаңаруы мүмкін. Сонымен қатар, адам өзінің өмір жолында қалыптасқан мәдениеттің элементтерін: белгі, мән, құндылықтар, нормаларды игеруді жалғастыра береді. Сондықтан, тұлғаның өмірлік траекториясы туралы зерттеулер өткізіп, қорытынды жасағанда қоғамның әлеуметтік-саяси жағдайы, тарихы және мәдениетіндегі үрдістер ескеріледі.

Тұлғаның өмірлік траекториялары немесе соған байланысты мәселелерді (әлеуметтендіру траекториялары, өмір жолдары) зерттеу тарихы мен дәстүрлері соңғы қырық-елу жылда қалыптасты. Көбінесе, бұл мәселелер әлеуметтанулық зерттеулерде биографиялық әдісті қолдану арқылы іске асып жатады. Әлеуметтану зерттеулерінің тарихына жүгінетін болсақ, бұл әдіс «поляктік» деп те аталды, өйткені Ф.Знанецкийден бастап, мысалы оның «Польский крестьянин в Европе и Америке» еңбегін алсақ, бұл әдісті поляк әлеуметтанушылары Л. Кривицкий, Ж. Щепанский, Ф. Якубчак, В. Грабский, Б. Голембиовский және т.б. кеңінен қолданған [47].

«Траектория» терминін әлеуметтануға француз социологы П.Бурдьё енгізді деуге болады. Ол оны индивид түрлі әлеуметтік алаңдарда іс-қимыл жасай отырып, өз өмірінде алатын позициялардың тізбегі ретінде анықтайды. Бұл ұғымның астарында білім беру, кәсіби және әлеуметтік траекторияларды біріктіреді; жекелеген жағдайларда ол ұғымды неғұрлым тар мағынада қолдана отырып, оларды ажыратады. Ғалым траекторияның кез келген қабаттары немесе кластары үшін жеке және ұжымдық немесе модельді түрлерін ажыратады. Олар арнайы алаңдарда, әрекет ететін «ойын ережелері», сондай-ақ білім беру кеңістігінің ішінде орын алатын позицияларды құрастыруға ықпал етеді деген [48]. Өзінің тағы бір келесі жұмыстарында П.Бурдьё «траектория» ұғымын әлеуметтік кеңістіктегі агенттің алатын позициялар орны ретінде анықтайды, ал кеңістік өз кезегінде өздігінен дамиды және үздіксіз трансформацияға жатады деп көрсеткен [49].

Жалпы, П.Бурдьё «траектория» түсінігі өмірбаянмен салыстырғанда неғұрлым тар түсінік деген. Ол, «өмірбаянды біз белгілі бір жайттардың тұтастығын немесе үзілген ретін білмесек те, объективті тізбегі деп қабылдаймыз. Ал «траектория» болса нақтылы формасы бар, тұтас. Оның мән мағынасын информант зерттеушілер мен индивидтер үшін өз өмірбаянын саналы түрде бір келкі қылып көрсетеді» дейді. П.Бурдьёнің пікірінше өмірлік траекторияны зерттеу автобиографиялық әңгімеге негізделеді. Ондай да информант өзі суреттейтін жайтардың себебін, мән мағынасын түсіндіріп өз ара байланыстарын айтып беруге тырысады дейді. Бөлек жағдайлар мен өмір кезеңдері немесе өмір траекториясының нүктелері, тұтас өмірді көрсететін бір бірімен байланысты, толықтырушы болып табылады.

Ресей әлеуметтанушылардың арасында алғашқылардың бірі болып тұлғаның өмір жолын және өмірлік траекториясының ара қатынасын

зерттеген Б.Г.Ананьев еді [50]. Математика немесе физика ғылымында траектория график сияқты болып, объектінің кеңістіктегі ізін координат нүктелері арқылы көрсетеді. Сол сияқты әлеуметтануда да адамның өмір жолын институционалды координаттар арқылы анықтауға болады. Олар туу, білім алу, некелесу, жұмысқа орналасу сияқты оқиғалар. Нақтылы талдау нүктелер немесе институционалды белгілерін анықтау зерттеу тақырыбы және мақсаттарымен байланысты болады.

Өмірлік траекториялар уақыт өте ұқсас өзгереді ортақ динамикалық мінездемелері бар біркелкі болуы мүмкін. Бұндай траекторияларда көпшілікке ортақ типтік оқиғалар ескеріледі: туу, мектепке бару, әлеуметтік топтың құрамына ену, некеге тұру. Бұл жерде оқиғалар тізбегі туралы сөз болады. Ал траектория құрудың екінші амалы зерттеушінің нақтылы бір траекторияны емес, жалпы принцип ретінде идеалды траекторияны қарастыруымен байланысты. Мысалы, физикадағы «баллистикалық траектория» сияқты жалпы принцип – ол гравитациялық кеңістіктегі реалды немесе виртуалды объектілердің қозғалысын көрсететін сызықтардың жиынты деп айтуға болады. Әлеуметтануда бұл принцип нақтылы бір заң сияқты емес мән-мағынасы бар конструкция ретінде, мысалы аскетизм, маргиналды, перфекционизм деп қолдануы мүмкін. Бұны біз «траектория принцип ретінде» дейік. Осы негізде адамдардың өміріне әр кезеңде әсер ететін статистикалық орталандырлыған оқиғалардың ықпалын талдауға болады [51].

Жалпы «әлеуметтенулік траектория» түсінігі әлеуметтану ғылымында жақында қолданысқа ие болды. Оның пайда болуы әр түрлі әлеуметтік топтардың әлеуметтену ерекшеліктерін зерттеумен байланысты. Әлеуметтенулік траекторияны заманауи әлеуметтанушылар бірнеше аспектіде қарастырады: ортаның ықпалы, субъектілік, әлеуметтену барысында тұлғаның диспозициясы [52]. Осыған байланысты ғалым А.И.Ковалева әлеуметтену траекториясындағы индивидтің әлеуметтену процессіндегі, әлеуметтік нормаларға бейімделу мен олардың интернализациясының уақытша нәтижелілігінің динамикасы дейді [53].

Оның пікірінше, бұл интерпретацияның маңызды қолайлығы ол графикалық көрініс арқылы бейнелеу мүмкіндігі. Ол үшін әр өмір кезеңінің сәтті әлеуметтену көрсеткіштері белгіленіп, осы көрсеткіштер жиынтығы негізінде екі өлшемді кеңістікте бір сызықты салуға болады. Әлеуметтенулік траекториясын құру алгоритмдері статикалық жағдайларға негізделмей, индивидтің өмір жолындағы кезеңдердегі әлеуметтену процессінің динамикалық жайттарын уақыт тізбегімен бейнелеу арқылы атқарылады.

Әлеуметтанушы С.А.Чернышев әлеуметтену траекториясын бірнеше негіздер бойынша классификация жасайды: қарым-қатынас формасы бойынша (авторитарлық, конформистік және т.б.); әлеуметтік шындыққа көзқарас бойынша (идеалистік, негативтік); тіршіліктің әр түрлі саласына бағытталуына байланысты [54]. Олай болса, біздің ойымызша, тұлғаның саяси режимге байланысты түсінігі, әлеуметтік үрістердегі оның қызметі, экономикалық саладығы мінез-құлқы арқылы оның әлеуметтену

траекториясының ерекшелігі көрінеді.

Әлеуметтену траекториялардың қозғалыс механизмі осы күнге дейін аз зерттелген тақырыптардың бірі. Бұл механизмді Л.Л.Шпак субъектінің өз ара байланыстары бар бейімдік әлеуетінің іске асуы мен «бейімделуші – бейімдеуші орта» атты жүйесінің іске асу мақсатына бағытталған құралдар жиынтығын айтады. [55].

Байыппен қарасақ, онда тұлғаның әлеуметтік қозғалысына әлеуметтену барысында оның ұстанымдары мен даму мақсаттары, әлеуметтік ортаның ерекшеліктері мен жағдайлардың жиынтығы тікелей немесе жанама түрде әсер етеді деген пайым жасауымызға болады.

Әлеуметтену траекторияның механизмдері тұлға жоспарлы және бір ізді негізде әлеуметтік тәжірибені игерген кезде тұрақты қозғалысын көрсетуі мүмкін. Ол үшін әлеуметтік ортаның тұлғаға қоятын талаптары қарама-қайшылықсыз орынды және қоғамның саяси дамуы тұрақты болуы қажет. Бұл механизм тұлға тарапынан белсенділікті, төзімділікті және ортаның индивидке байланысты өз ұстанымы бар екенін ажырата білуді мегзейді. Ондайда адам институционалды субъектердің тарапынан қамқорлықты қабылдап, олардың үйретуге бастаған іс- әрекеттерін қолдауға дайын дегенді білдіреді.

Ал динамикалық қозғалыс күрт орын алған әлеуметтік өзгерістер кезінде орын алып, субъектінің күнделікті және әдетке айналған ұстанымдар мен түсініктерінің өзгеруіне немесе жоғалуына әкеледі. Әрине, субъект әлеуметтік жағымсыз кедергілерден өтіп, қиын өмірлік жағдайларды жеңіп алға жүре беруі мүмкін. Бірақ, ұтқырлық әлеуетінің жоқтығы немесе аздығы, сыртқы әлеуметтік тәртіп құбылыстармен қарама-қайшылықтар оның дезадаптивті тәжірибелеріне әкелуі мүмкін.

Тұлғаның әлеуметтік қозғалысының бағыты әлеуметтік орта ықпалы мен оның шарттарының арақатынасының нәтижесінде әлеуметтену траекториясын көрсетеді. Қозғалыс векторы келесі қасиеттермен ерекшелінеді: тұлғаның әлеуметтік дамуының әртүрлігін көрсетеді (әлеуметтік ортамен үйлесімді немесе үйлесімді емес қарым-қатынас), қозғалыстың сыртқы факторлар әсерін ескеріп жылдамдығын көрсетеді, әлеуметтік ілгерлеу болған жағдайда институционалды ықпалдың деңгейін ескереді. Әлеуметтену траекториясын зерттегенде Н.В.Нятина келесі ерекшеліктерді ескеру керек дейді [7].

Мысалы, өмірдің әр түрлі кезеңдерінде тұлғаның әлеуметтік белсендігі бірдей емес. Өйткені, әлеуметтің ортаның сыртқы факторлары адамның жауапкершілігін салыстыра отырып ішкі факторларға жол берулері мүмкін. Сонымен қатар, зерттеушінің пікірінше, келесі жайттар да маңызды: адамның іс-әрекеттері мәдениет субъектілері арқылы әлеуметтік кеңістікті өзгертеді; қоғамдық, топтық, субъективті және тұлғаның өмірін реттеулері, жоспарлауы өмірдің табиғи кезеңдерін түсіну арқылы болады; адам бір уақытта әлеуметтік реттеуді іске асырып әлеуметтік ықпалдың субъектісі және әлеуметтік институттардың әсеріндегі объекті де бола алады.

Әлеуметтену траекториясы адам өміріндегі болатын жағдайлармен

толығады [56]. Өмірлік және әлеуметтену траекториялар екі дара, бірақ бір бірімен байланысты процесстер. Олар тұлғаның дамуының жас ерекшелігіне байланысты маңызды кезеңдерді көрсетеді. Әлеуметтену траекториясы тұлғаның ортамен бірлескен тіршілігіндегі әлеуметтік қарым-қатынас нәтижелілігін көрсетсе, өмірлік траекториясы адамның өмір жолындағы жағдайларды жас ерекшелігімен байланыстырып көрсетеді. Демек, әлеуметтену траекториясы дегеніміз тұлғаның әлеуметтік қарым-қатынастың жеке дара тәжірибесі. Бұл вектор адамның жасына, өмір жолындағы жағдайларға, өмірлік таңдау мен қажеттіктерге байланысты. Ал әлеуметтенудің графикалық көрінісі тұлғаның нақтылы әлеуметтік тарихи жағдайдағы әлеуметтену нормаларын игеруін көрсетеді.

Қарап отырсақ, талау жасаған зерттеулерде өмірлік траекторияларды зерделеудің үш негізгі тәсілі байқалады, оларды, мысалы, Т.Ситюгин былай деп көрсетеді: әлеуметтік-құрылымдық тәсіл, оның басты танымдық ұстанымы жастардың өмірлік стратегиясын таңдауының жастар алатын әлеуметтік-статустық позициялардан тәуелділігін анықтаудан тұрады; жастардың әлеуетін іске асыруды, жастардың осы ресурстарға қол жеткізу мүмкіндіктерін, жастардың өмірлік стратегияларды құруға дайындығын қамтамасыз етуге бағытталған институционалдық ресурстардың ерекшеліктерін зерттеуге байланысты институционалдық тәсіл; субъектілік-қызметтік тәсіл өмірлік траекториясын құрудың басты ішкі детерминанттары ретінде жастардың қажеттіліктеріне, құндылықтық бағдарларына, өзекті мақсаттарына ерекше назар аударылады. [57].

Жастардың өмірлік траекториялары (өмір жолының траекториялары, әлеуметтендіру траекториялары) - әр түрлі қоғамдық ғылымдар өкілдерінің қызығушылығының өзекті мәні. Бұл қызығушылық кездейсоқ емес: қоғамның дамуы жастардың әлеуетін тиімді іске асыруға, оның шығармашылық, зияткерлік, азаматтық және басқа да әлеуетін іске асыруға ықпал ететін өмірлік траекторияларды құру мен жүзеге асырудың табыстылығына байланысты. Ол жастардың арасындағы әр түрлі категориялар бар екенін ескерсек, ал спортшы жастардың әлеуметтік жағымды үлгі көрсету мүмкіншілігі зор екені түсінікті. Сондықтан спортшы жастардың өмірлік траекторияларын қалыптастыру процесін әлеуметтанулық талдау, белсенді спорт кезеңінен кейін өмір жолындағы өзгерістерді зерттеу спорт әлеуметтануының маңызды бағыты болып табылады, оны іске асыру осы санаттағы жастардың, ересектердің әлеуметтендірудің институционалдық негіздерін оңтайландыруға ықпал етеді.

Біздің зерттеу мәселемізге байланысты ресейлік ғалымдардың, Д.Л.Константиновский басқарған РФА Әлеуметтану институтының білім беру социологиясы бөлімі ғаламдарының тобы, 1998–2008 жылдары жастардың білімі мен өмір жолдары траекторияларының ерекшеліктері туралы зерттеулерінің нәтижесі қызықты [58]. Бұл ұжымдық монография 10 жыл бойы жүргізілген жастардың өмірлік және кәсіби траекториясын лонгюитиддік зерттеу материалдарына негізделген. Зерттеуге орта және

кәсіптік мектептер түлектері қатысқан. Олардың өмірі жолдары сандық және сапалық әлеуметтанулық әдістермен зерттелді. Зерттеу жастардың жас ерекшеліктеріне байланысты жұмыспен қамтылу ерекшеліктері бар екенін көрсетті. Авторлардың пікірінше, жастардың сәтті әлеуметтенуі үшін көптеген жағдайлар, оның ішінде ата-ананың мәдени және экономикалық капиталы, олардың әлеуметтік-кәсіби мәртебесі, жалпы отбасы жағдайы, жастар тұратын қаланың урбанизация деңгейі және білім беру, кәсіптік бағдар беру жұмыстардың бар болуы анықтайды.

Өмірлік траекториялар (өмір траекториялары) ұғымы әлеуметтануда жақында және әр түрлі контексте қолданылып келеді. Мысалы, поляк әлеуметтанулық ғылыми әдебиеттерінде - бұл мәселе ішінара өмір салтын, жастардың өмірлік жоспарларын, естеліктер мен өмірбаяндарды зерттеумен байланысты. Жалпы алғанда өмірдің траекториялары туралы нақты зерттеулер жоқ. Бірақ, өмір траекториясын зерттеудің бір түрі деп осы кезге дейінгі өмір салты, өмір сүру жоспарлары, өмірбаяндарды зерттеулер, сонымен қатар тұлғаның әлеуметтік мінез- құлқы туралы жалпылама ғылыми ізденістер сақталған.

Аталған ұғымдар ғылыми ортада табиғи түрде қалыптасты. Мысалы, әлеуметтік ортада байқалған құбылыстар қызығушылық тудырып, сондықтан олар анықталып, зерттелді. Өз кезегінде, өмір траекториясы дегеніміз - бұл абстрактілі түсінік, сондықтан соңғы жылдардағы ғылыми әдебиеттерде белгілі әлеуметтанулық анықтамаларға жақын ұғымның мағынасына қатысты көптеген ұсыныстар табуға болады.

Кеңес одағының белгілі әлеуметтанушысы М.Х. Титма бастаған жастарды зерттеу жобаларына қатысқан көптеген әлеуметтанушыларының еңбектерінде (С.И. Григорьев, Л.А. Коклягина, В.Г. Немировский және басқалары) осы тақырыпқа байланысты теориялық ережелер тұжырымдалады [59], бұл кейінірек В.В.Семенова мен Л.А. Коклягина жастар өмірінің траекторияларының түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл тұжырымдаманы А.И. Ковалева және В.А. Луков жастар арасында зерттеулер жүргізгенде ескеру қажеттігін айтып, «... жастар ортасында шартты теңдікке ие мәртебе топтары құрылады. Бұл топтар ... , әлеуметтендіру траекториясының типтік компонентіне ие, ол көбінесе өмір жолдарының өзара араласуы және әлеуметтену арналарының (оңды және теріс бағытта) ұқсастығымен байланысты болып табылады», деп қортындылайды [60].

Ағылшын әлеуметтанушысы Э.Гидденс адамдардың өмір жолы туралы пайымдарында, «Бір қарағанда, адамдар өмірінде болып жатқан әр түрлі өзгерістер - балалық шақтан жасөспірім кезеңге, содан кейін ересек өмірге, сайып келгенде, қартаю мен өлім - биологиялық тұрғыдан бекітілген сияқты. Алайда жағдай әлдеқайда күрделі. Адамның өмір жолының кезеңдері биологиялық кезеңдермен бірдей әлеуметтік сипатта да болады. Бұл кезеңдерге мәдени айырмашылықтар, адамдардың материалдық өмір сүру жағдайлары әсер етеді [61].

Мысалы, қазіргі Батыс қоғамында өлім тек кәрілікке байланысты деп

санайды, өйткені адамдардың көпшілігі жетпіс немесе одан да көп жыл өмір сүреді. Алайда, дәстүрлі қоғамдарда жас кезінде, қартайып үлгермей қайтыс болған адамдар көп болатын», деп айтады. Демек, өмірлік траекториялар заман, ұлт немесе қоғам салты мен дәстүрлеріне байланысты. Сонымен қатар, Э.Гидденс «өмірлік жоспарлар - бұл өмірді ұйымдастырудың траекториясын көрсететін нақты мазмұн» деп айтқан. Осы тұрғыдан түсідіретін өмір траекториясының маңызды белгісі - бұл олардың стратегиялық жоспарлауына мүмкіндік беретін көптеген балама таңдау ұсынатын қоғамда өмір сүру, адамның өміріне қажетті компоненттерді бейімдеу және белгілі бір өмір салты нақтылы бір адамға қол жетімдігі. Мұндай бейімделу өмір жоспарларының жеке элементтерін тұлғалардың өмірбаянына, олардың жеке өмірлік тәжірибелеріне қосу нәтижесінде пайда болады.

Біз қарастырып жатқан ұғымға жақын әлеуметтануда қолданылатын ұғымдар аз емес. Соның ішінде өмірлік траектория, өмірлік жоспар түсініктеріне жақын тағы бір ұғым ол «жеке өмірлік стратегия» ұғымы. Мысалы, Е.Смирнов өмірлік стратегияны «тұлға өзінің болашақ өмірі туралы қазіргі (күнделікті) тіршілігін бағдарлай отырып, ұзақ уақытқа бағытталған адамның келешек өмірі туралы динамикалық, өзін-өзі реттейтін әлеуметтік-мәдени жүйесі» ретінде қарастырады [62]. Е.А.Смирнов бұл тұжырымдаманы көшбасшының жеке басына қатысты қарастырады және бұл жағдайда «стратегия» өмірге ұтымды қарау әдісін білдіреді. Алайда, басқа ұғымдардан (өмірлік мақсаттар, жоспарлар және т.б.) айырмашылығы, өмірлік стратегия - бұл «болашақты кезең-кезеңімен қалыптастыру арқылы адамның өмірін саналы түрде жоспарлау мен құру тәсілі». Екі анықтама, біріншіден, өмір стратегиясының саналы сипатын, екіншіден, оның жобалық табиғатын атап көрсетеді: стратегия алдымен құрылады, содан кейін мақсатқа жетуде белгілі бір нәтиже пайда болады.

Бөлімнің міндеттеріне сәйкес қорытындылайтын болсақ, әлеуметтанушылар өмірлік траекториялар, өмірлік стратегия деген түсініктерді талдау дәстүрін қалыптастырған. Өмір траекториясы абстрактілі түсінік болған соң соңғы жылдардағы ғылыми әдебиеттерде белгілі әлеуметтанулық анықтамаларға жақын ұғымның мағынасына қатысты көптеген ұсыныстар табуға болады. Эмпирикалық зерттеулер өмірбаяндық әдіс арқылы іске асып, негізгі қорытындылары информанттардың субъективті пікірлеріне сүйенеді.

2.2. Экс-спортшылардың өмірлік модельдері: зерттеу нәтижесі

Дене тәрбиесі және спорт бүгінгі күні адамзаттың барлық салаларымен байланысты. Мысалы, ол экономика, мәдениет, денсаулық сақтау, дін, экология және басқа әлеуметтік өмір түрлерінің интеграция процестерінде көрінеді. Әсіресе, дене тәрбиесі мен спорттағы ұйымдастыру - мәдени және білім беру бағыттарының күшеюінен байқалады. Осыған байланысты дене тәрбиесі мен спортқа қоғамның қоятын талаптары өзгеріп, сонымен қатар мемлекет дене шынықтыру мен спорт мәдениетін қалыптастырушы бағдарламалардың көбеюіне мүмкіндік жасайды.

Бүгінгі күнде қоғамның және ғалымдардың спорт және дене шынықтыруға байланысты бағдарламаларды дайындау туралы қажеттікті сезініп талқылап жүргендері өмірдің заманауи қажеттіліктерінен туындап отыр, соның ішінде балалар, оқушы жастар мен ересек адамдар ауруларының деңгейі мен сипатының статистикасы. Халықтың денсаулығының нашарлау үрдісі қазіргі заманғы өркениетіне тән – қоршаған ортаның ластануы, шу, күйзелу, гиподинамия, дұрыс тамақтанбау, зиянды әдеттермен, нашақорлықпен әуестенудің кері әсерінің салдары. Сонымен қатар мектепке дейінгі, мектептегі және жоғары оқу орындарындағы оқу- тәрбие процесінің тиімділігінің едәуір нашарлануынан жастардың кәсіби қызметте табыстарға жетуге және келешекте өмірге сау ұрпақ әкелуде денсаулықтың маңызы зор екендігін түсінбеушілігінен және өз денсаулықтарына немқұрайлы қарауымен байланысты.

Осыған байланысты мемлекет дер кезінде шаралар қолданып, халықтың салауатты өмір сүруіне, денсаулықтарын нығайтуға жол ашу керек. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамтуды 2010 жылғы 17,4 пайыздан 2015 жылы 26 пайызға дейін ұлғайту және балалар мен жеткіншектердің жалпы санында дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын балалар мен жеткіншектерді қамтуды 2010 жылғы 9,5% 2015 жылы 12,6% дейін ұлғайту көзделген⁷. Мемлекет тарапынан дене тәрбиесі мен спорт саласындағы қатынастарды дамыту үшін тиісінше материалдық-техникалық, мамандар, нормативтік-құқықтық жағынан қамтамасыз ету арқылы реттеуі, барлық үлгідегі балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің, азаматтардың тұрғылықты жерлері бойынша спорт және балалар клубтарының, мүгедектер үшін арнайы топтар, дәрігерлік-шипажайлық дене шынықтыру диспансерлерінің санын көбейту, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту үшін жағдайлар жасайды. Үкімет тарапынан халықаралық стандарттардың талаптарына жақындау және елдегі жаппай спортты дамыту мақсатында инфрақұрылымды, материалдық-техникалық қорын жетілдіруге бағытталған бірқатар ұйымдастыру шаралары іске асыруда.

Шетелдік және ресейлік авторлардың еңбектерін қарастыра отырып, дене тәрбиесі және спорт әлеуметтануы мен спорттың әлеуметтік

институттану мәселелерін зерттейтін белгілі нәтижелер жасалынды деуге болады, бірақ әлеуметтану теориясында бұл мәселені тікелей ашып зерттейтін еңбектер әлі де көп емес. Қазақстандық әлеуметтанулық ғылымында спорт әлеуметтік институт ретінде толығымен зерттелмеген және талданбаған. Бұл мәселені бір тұтас теориялық және практикалық деңгейде зерттеген жұмыстар көп кездесе бермейді.

Диссертацияның осы бөлімі спорттық дәуірі аяқталған спортшылардың жаңа өмірге бейімделуі туралы зерттеудің нәтижелерін талдауға арналған. Ол үшін алдын ала дайындалған гайд негізінде эксперттерден сұқбат алынған болатын. Сұқбат барысында эксперттердің тәжірибесіне сәйкес қосымша сұрақтар қойылды. Жалпы сарапшы ретінде 9 спорт саласындағы мамандар тартылды. Сұқбаттарды Нұр- Сұлтан, Алматы, Қостанай, Аягөз қалаларында алдық. Зерттеу нәтижесінде табысты және аутсайдерлік үлгідегі спортшылардың өмірлік траекториялары бар екенін ашып көрсетеміз. Осы салада шешімін таппай келе жатқан мәселелерге байланысты сарапшылардың ұсыныстарын қорытындылап, өз пікірімізді де айқындаймыз.

Осы уақытқа дейінгі спорт әлеуметтану саласындағы зерттеулердің практикалық және теориялық ізденістер нәтижесі жоғарыдағы бөлімдерде көрсетіледі. Қысқаша қорытындылайтын болсақ, спортшылардың спорттық дәуірі аяқталғаннан кейінгі, жаңа өмірге бейімделуіне әртүрлі әлеуметтік факторлар әсер етеді. Ең бастысы экс-спортшылардың спорттық мансапты аяқтағаннан кейін орын алатын өмірлік дағдарысты сәтті еңсере алу-алмауы олардың әлеуметтік құндылықтар мен ұстанымдар жүйесіне байланысты.

Сондықтан да, спорттық мансабын аяқтаған спортшының өмір салтын қалыптастыруға әсер ететін негізгі әлеуметтік іс-әрекеттер мен факторларға мыналар кіреді: біріншіден, спорттық іс-шараларды тоқтату, екіншіден, жарыстар мен жаттығуларды аяқтау, үшіншіден, спорт клубының қамқоршылығын тоқтату, төртіншіден, жаттықтырушылар, дәрігерлер, қызметшілер, командамен достық және кәсіби байланыстарын бұзу.

Міне, осындай жағдайлардан кейін спортшылардың өмір жолынан, практикалық және теориялық ізденістер жасауға тура келді. Бұл тақырыпқа тоқтауымның басты себебі: халық үшін, әсіресе жанкүйерлер үшін өте өзекті мәселелердің бірі. Халықтың көз алдында жүрген әншілер біраз уақытқа сахнадан кетіп қалса халық өзінің сүйікті әншісін іздейді. Саясатта да дәл солай. Осы сияқты жаңадан шығып келе жатқан спортшылардың жолына үмітпен қарап, қолдау білдіруге дайын тұратын, спортпен қоштасқаннан кейін де іздейтін әрбір спортшының жанкүйерлері болады. Ол спортшылардың спорттық дәуірі аяқталған соң насихаттау сап тиылады. Содан кейін халық оларды іздейді. Көзден кетсе көңілден кетеді уақыт өте келе халық оларды ұмытады. Міне, өз уақытында мемлекеттің туын халықаралық жарыстарда көтерген, ел ішінде танымал болған спортшылар осылайша ел есінен шығып кетеді. Халықтың назарынан қалып, бұрынғыдай қоғамдық өмірге араласпай, мемлекеттік деңгейіндегі шаралардан тыс қалған спорт майталмандарына оңай емес. Сондықтан да біз қоғамдағы осы

мәселеге байланысты жағымды шешім қандай болуы керек, спортшының жаңа кезеңде өзін өзі ұстауы мен өмірлік тіректер негіздеріне шамамыздың келгенінше тоқталып көруге тырыстық. Сонымен біздің мақсат осы саладағы практикалық және теориялық тәжірибемен танысу және осы бағыттағы зерттеулерге барынша өз үлесімізді қосу.

Заманауи қазақстандық спорт әлеуметтануында біздің бұл зерттеуіміз өте құнды деп есептейміз. Бізге дейін бұл тақырыпты елімізде зерттеген ешкім жоқ. Публицистикалық негізде, БАҚ редакциялық тапсырма сияқты зерттеліп жазылған мақалалар бар, бірақ олардың көбі тек бір тұлғаның өмірлік тәжірибесіне арналған. Ал жүйелі түрде, әлеуметтану ғылымдарының бұл мәселені біз сияқты мақсат қойып, спорттағы және белсенді спорттан кейінгі өмір кезеңінде спортшының бір неше түйіткілді әлеуметтік мәселелерді шешу жолдары қандай деп ізденіске кіріскен ғалымдардың біріншісіміз.

Жалпы сарапшылардың барлығы тұрақты түрде спортпен бірнеше жыл айналысқан. Сарапшы журналист ДД өзі кәсіби спортшы болмаса да аптасына екі рет 4-5 сағат волейбол ойнап тұрады екен. Эксперттердің спорттағы ең жоғары жетістіктері және қазір атқарып жатқан қызметтері оларға әр түрлі дәрежедегі спортшылардың жүріс-тұрысын және мінез құлығын талдауға мүмкіндік береді.

Сарапшылардың жартысы басшылық қызмет атқарады. Қалыптасқан өмірлік ұстанымдары бар, мысалы, сарапшы ЕМ: *«Мен айтар ем өмірдегі үлкен жетістігім деп, ... Сауапты істі бұлай жариялауға болмайды, десе де айтайын. Өзіміздің туып өскен ауылда 2017 жылы ауыл тұрғындары үшін, имани тәрбиеге қарай жастар тартылсын деп, азаматтар бас көтеріп мешіт салдырдық. Соған себепші болдым. Өмірдегі ең үлкен жетістігім сол деп айтар едім»* деп айтты.

Ал келесі сарапшы қиын кездерде өзінің азаматтық борышын атқарғанын мақтан етеді *«біз қаладағы стадионды алып қалдық жігіттермен бірге. Тоқсаныншы жылдары өздеріңіз білесіздер тоқырау заманында, үкіметтің де жағдайы келмей жатқан кезде, ... мен жігіттердің басын қосып, спорт қорын аштық. Мен сол қордың бастығы болдым. 14 жыл бойы үкіметсіз сол стадионда, ремонтын да жасадық, жарысын да өткіздік, спонсорлар тартып, жігіттердің басын қосып ... Менің өмірдегі жетістігім де осы. Өйткені, осы стадионды жөндеп артымызда қалдырып кеткеніміз қандай жақсы болды. Сол кезде бұны бұзып базар салып тастағанда не істер едік? Маған да біраз кісілер келді, бізге мынаны сатыңыз деп, сіздікі жекеменшік екен ғой деп. Мен осының барлығына шыдадым. Ақшаға сатылып кетсем қайтесің? Осында талай нәрселер кетті оны жақсы білем мен. Талай істеп тұрған мекемелер, садиктердің бәрі құрып кетті. Істеп тұрған кинотеатрда кетті. Қазір кісілердің барлығы маған рақметін айтып жүр. Маған одан артық не керек?!»*.

Эксперттің басым бөлігі өздерінің істерімен жастарды спортқа баулуға және салауатты өмір салтын насихаттап жүргендерін айтты. Сарапшы РС

спортшылардың көрсететін үлгілері маңызыды дейді, *«мен тек өзім үшін жүгірмеймін. Менің апта сайын жеке 6-8 жаттығуларым, сосын қосымша шәкіртеріммен өткізетін тағы 4-*

5 тренировкам, қатысатын жарыстарым, жетістіктерім студенттерге үлгі болсын деймін». Сарапшы ҚЕ жастарға құрбылардың үлгісі маңызыды екенін айтты,

«жас спортшы болсам да, жетістіктерім жақсы. Өзім мақтанатын өмірдегі жетістігім - бақытты отбасым және салауатты өмір салтын ұстануым деп ойлаймын. Достарым, құрбыларым маған қарап спортта, өмірде тырысып жеңіске жетуге болатынын көріп жүр. Соны өзіме мақтан етем».

Зерттеуге спортпен кәсіби түрде шұғылданып, Олимпиада чемпионы болған сарапшы ЕБІ «Өзіңіз мақтанатын спорттағы және өмірдегі жетістігіңіз қандай?» деген сұраққа ол *«көп жетістіктерге жеттім, бірақ олардың ішіндегі екі Олимпиада ойындарында екі мәрте медаль алып, чемпион болу»* деді.

Зерттеудің негізгі мақсатына сәйкес сарапшылар *«Сіздің пікіріңізше спортшылардың кәсіби спорттан кейінгі өмір жолдары қандай негізгі модельдерге ие?»* деген сұраққа жауап берді. Олардың пікірінше, спортшылардың өмірлік жолдары сан қилы болады. Олар жаттықтырушы, эксперт АС *«Негізгі моделі, менің түсінігімде, атақты спортшылар көп жағдайда өзінің ары қарай спорттан кейінгі өмірінде жаттықтырушылық қызмет атқарып жатады. Бұған қоғамның да әсері болатыны сөзсіз»* деді, немесе бизнесін дамытады, сарапшы ОК, *«Әрине бұндай модельдер, бірнеше түрде болуы мүмкін, бірнеше формада алып қарастыруға болатын шығар деп ойлаймын. Егер де олимпиада чемпионы болды дейік, олимпиада чемпионы болған кезде сыйақы беріледі, осының өзі спортшының болашағына, спорттан кейінгі өміріне әсер етіп жатады. Яғни, ол, оны бизнеске салуына немесе спорт кешендерін салып көмек көрсетуге де болады».*

Бұрын спортта елеулі жетістікке жеткен даңты спортшылардың көбі спортты дамытуға өз үлестерін қоса береді. Республика көлемінде спорттық мекеменің тізгінін ұстап спортшылардың келесі буынын дайындауда, сарапшы ДД, *«Атақты спортшылардың алды жарық болуы керек. Өйткені оларда бәрі бар. Атақ та, даңқ та, дағды да, шеберлік те, көрген тәжірибе де бар. Мысалы, Ермахан Ыбырайымов, Бақтияр Артаев, Серік Сәпиев, Болат Жұмаділов деген азаматтарды өз басым құрметтеймін. Зор табысқа жеткен азаматтар. Ешқашан осылардың артынан бір нәрсе ермепті. Ермепті дегенді дұрыс түсінейік, Ермахан Ақтөбеде жұмыс істеді, сол уақытта төбелестің арасына кіргізіп жіберді. Бірақ қазір Олимпиадаға дайындау орталығының бастығы. Табысты еңбек етіп жатыр. Артынан сөз жоқ, қашан көрсең жақсы сөздер еріп жүреді. Жақсы шәкірттер тәрбиелеп жатыр. Бақтияр Артаевта дәл солай. Бақтиярдың артынан да із кесіп көрді, бірақ болмады. Өзіне сенімді азамат. Шетелге барып білімін жетілдіріп келді. Қазір «Астана Арландарын» басқарып*

отыр. Қазақ спортының брендi болып отырған санаулы жобалардың бiрi. Осы «Астана арландары» арқылы қаншама спортшылар әлемдiк деңгейге көтерiлдi. Василий Левит қаншама жыл спортта жүрiп табысқа жете алмай жүрдi. «Астана арландарына» келiп зор жетiстiкке жеттi». Ендi бiреулерi облыс деңгейiнде спорттық мекемелердi басқарады, сарапшы ЕЮ, «Бiзде, Нұрлан Қойжайғанов деген олимпиадаға барған азамат. Мысалы, Пекинде грек-рим күресiнен шықты. Әттең жүлдеге iлiне алмады, бiрақ тамаша күрестi. Қазiр Жарма ауданында спорт мектебiнiң басшысы мен сияқты, өзiмнiң оқушым. Аягөз ауданының құрметтi азаматын алып бердiк» дедi.

Сарапшылар бұрынғы спортшылардың саясаткер, мемлекеттiк қызметкер болғандарын да айтты, сарапшы БТ «Серiк Сәпиев туралы әңгiме бөлек. Оның жолын әзiрге ешкiм кескен жоқ. Саясатқа араласып кеттi. Спорт пен саясатты бiрiктiрiп әдемі алып келе жатыр. Қазақтың батырлары деп атауға болатын азаматтар». Сонымен қатар, басқа да салаларға кеткендер бар, сарапшы ҚЕ «Атақты спортшылардың кейiнгi өмiр жолдары әр түрлi жалғасады деуге болады. Ол тұлғаның өзiнiң әрi қарайғы қызығушылығына байланысты деп ойлаймын. Мысалға, спорттағы карьерасынан кейiн өнер жолына кететiндер немесе киноға түсiп актер болып кететiндердi кездестiреміз. Немесе мемлекеттiк iстермен, Серiк Сапиевтi алайық, саясатпен айналысып әкiм, депутат болып жатқандарды да, ал Владимир Винокуров сияқты өзiнiң бизнесiн ашып жеке кәсiпкер болатын да спортшыларды кездестiруге болады».

Саясаткер болған шетелдiк спортшылар да аз емес, мысалы сарапшы ОК «Мысалға алатын болсақ, Владислав Третьяк 15 жыл бойы хоккейден Ресей құрамасының қақпашысы болып, Олимпиаданың 3дүркiн чемпионы, Әлем чемпионатының 2 дүркiн чемпионы атанып, қазiр Ресейдегi хоккей Федерациясының президентi болды. Ал кәсiби өмiрiнен кейiн мемлекеттiк саяси iстермен айналысып депутат атанды» деп көрсетсе, сарапшы АС «Тағы да бiр мысалға Арнольд Шварценеггердi айтуға болады. Аты аңызға айналған

«терминатор» Шварценеггер кәсiпқой бодибилдер. Ол өзiнiң спорттық өмiрiн 14 жасынада бастаған. 1980 жылы бодибилдинг танымалдығын айтарлықтай деңгейге жеткiзген ол жарысқа қатысуды аяқтады. Киноға ол спортшы кезiнен бастап түсе бастаған. Актер Шварценеггер «Конан-варвар» фильмінің 1982 шығуынан соң кеңiнен таныла бастаған едi» деп еске түсiрдi. Олардың қатарына сарапшы РС «Ресейлiк хоккеист Фетисов мемлекеттiк қызметтi атқарған кезi болды» деп даңқты спортшыны қосты.

Осылай өмiрлiк траекториясын сәттi жалғастырған спортшылар аз емес, мысалы сарапшы РС, «Жақсылық Үшкемпiровтi өздерiңiз бiлесiздер ел алдында өте мәртебелi, абыройы асқақ азамат. Өзiнiң тек спорттағы ғана даңқы арқылы емес азаматтығының арқасында, ұстанымдарының арқасында, адами қарым-қатынастың арқасында ол кiсi өзiн жоғалтқан жоқ. Олимпиада чемпионы болды, үнемі ел алдында, спорттың төңiрегiнде жүрдi. Сен айтқан модельдердiң бiрi үлгi ететiн, осы Жақсылық

Үшкемпіровті айтуға болады. Бизнеспен айналысты, ата кәсіп мал шаруашылығын жолға қойды, дамытты». Сарапшы БТ да Ж.Үшкемпіров туралы айтты: «Онда керек болса, Жақсылық Үшкемпіровті айтуға болады. Алматы обылысында бүкіл бір ауылға жұмыс орындарын ашып, спорт мектебін интернатымен ашып қойды. Қазақтың қара домалақ балалары жатып оқиды. Қарқынды жұмыс істеп жатыр. Еңбегі нәтижесін берді. «Елеулі еңбек еңсеңді көтереді» дейді қазақ. Соның нәтижесінде, халық көріп отыр, ел көріп отыр, үкімет көріп отыр. Қазір ол кісі «Еңбек ері» деген атақтың иегері» деп үлкен спорттан кейінгі сәтті, ұтымды өмірлік траекторияның мысалын келтірді.

Сарапшы ЕЮ, экс-спортшылардың басым бөлігі жаттықтырушы болады деп ойлайды, «мысалы үшін Досжан Картиков. Іргебаев Рүстем кезінде олимпиадаға барады деп сенгенбіз. Мұхтархан Ділдәбековпен бір салмақта болып талай рет жеңген. Одан кейін, Мақсат Бақтыбазаров деген жігіт, ол да біздің мектептің түлегі. Қазір тренер болып жүр. Бауыржан Қайырменовта спорттан ары кеткен жоқ, қазір тренерлік қызмет атқарып жүр».

Жалпы экс-спортшылардың өмірлік траекториялары сан алуан, мысалы сарапшы ДД, «Бұл дегенің өмір зой, бауырым. Қандай ортаға түсті, қандай кісілер қолдап жіберді, қандай ниеті бар, қандай мақсаты бар. Біреулер айтады, болды мен спорттан жалықтым, енді спортқа жолағым келмейді дейді. Ал біреулер бар мен тренер болам, бар үйренгенімді, тәжірибемді балаларға үйретемін дейді. Біреулер, сен айтқандай депутат болғым келеді спорттағы проблемаларды шешемін десе, біреулер бизнеске кетеді».

Сонымен сарапшылардың басым бөлігінің пікірінше, экс-спортшылардың көбі спорттан кенткен соң өз өмірлік жолдарын мемлекттік қызметте, саяси партиялар қатарында, мекеме басшылығында, жеке бизнес бастап жалғастырады. Кейбіреулері өнер саласында, мысалы киноактер болып кеткендер де бар.

Сарапшылармен сұқбат келесі «Экс-спортшылардың аудсайдерлік өмірлік траекториялары бар ма?» сұрақпен жалғасты. Бұл сұрақ төңірегінде сарапшы ЕМ

«Айтсам, 1980 жылы олимпиада чемпионы болған Шәміл Серіков деген керемет, техникалық тұрғыда, әдіс тәсілді орындауда алдына жан салмаған балуан... Даңқты балуан, әлемдегі техникалық жағынан, әдіс тұрғысынан ең үздік балуан болды және сол атақтың иегері. Ол кісінің өмірі қалай болды? Олимпиаданы ұтып келді. Келді де, әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан қиыншылықтар көрді, тұрмыстық жағдайдан қолдау таппады, сүйтіп жағдайы күрт төмендеп, ең соңында ол кісі дүниеден өтіп кетті⁸. Бүкіл күрес түрінен «Фило» деген халықаралық ұйым бар. Сол ұйым мойындаған, берген марапаты біздің ЖОО музейінде тұр. Бірақ, біз ол чемпионды ұмытпаймыз. Жыл сайын біздің академияда Шәміл Серіковке арналған турнир өтіп тұрады», деп жеңіске де, трагедияға да толы даңқты спортшының тағдырын еске алды.

Сарапшы ЕБІ да Шәміл Керімұлы туралы айтты, «Шәміл Серіков

сияқты олимпиаданы ұтқан, спортшылар бар. Олардың көбі намысқа тырысып өмірге ілесе алмағаны соншалықты намысы мықты, айтады ғой «Жаным малымның садақасы, малым арымның садақасы» демекші, олар ана жаққа да аттанып кетті. Мен адамдардың көзіне күйік болмай аттанып кеткенім жақсы деп кетіп қалып жатқандар да болды. Сондықтан спортшылар өте намысшыл келеді. Көшке ілесе алмай қалғандарын намыс көріп қанша спортшылар аттанып кетті. Әрине, бұл дұрыс емес. Мен мүлдем қарсымын» деп, спортшы бір жағынан мықты болса да оның психилық тұрғыдан осал жерлері болуы мүмкін екенін айтты.

Сарапшылар шет елдік спортшылардың мысалын да келтірді, сарапшы ЕҚ «Иә, атақты спортшылардың да өмірлері тек жақсы бола бара бермейді. Мысалға Рокки Локриджді атсам, атақты боксшы, бокстан АҚШ чемпионы болып, одан кейін WBA әлем чемпионы атанып, соңғы жарыстарында жеңіліс тапқандықтан спортты тастаған болатын. Ол спортпен айналысқандықтан жоғары білімі де болмай және ақша да жинап үлгермеген болатын, сөйтіп ішімдікке салынып кетеді. Соңында есірткімен ұсталып түрмеге де түскен екен. Иә, өкінішке орай, аутсайдерлік өмір тағдыры деп осыны айтуға болады». Бірнеше эксперт аутсайдерлік мысалдарды айтқан бас тартты. Мысалы, сарапшы ЕЮ, «Аутсайдерлік спортшыларды айтудың өзі мен үшін намыс. Және олар туралы айту, жарнамалау өте ауыр. Нақтыламай жалпылама айтып өтейін. Ондай мысалдар бар. Әрине, спортшылардың биікке шығып елдің алдында жүруі бәрімізге жақсы. Көптеген спортшылар мінезді және намысшыл келеді, соның арқасында чемпион болады. Ал спорттан соң сол жігіттер, көптеген аутсайдерлік спортшылар сол қиқар мінезден, пайда болған жалған намыстан кері кетіп жатады» деп, спорттан соң жолы болмайтын тағдырлар бар екенін айтты.

Сарапшы БТ аутсайдерлік модельге ауыр атлетика тарихынан мысал келтірді. Ол «Біздің спорт түрінде ондай жоқ, бар болсада естіген емеспін. Бірақ мен бір штангист Азия чемпионы туралы айтсам. Бірнеше жылда қалалық, облысты және республикалық жарыстарда жеңімпаз атанып, Азияда бірінші болды. Керемет жетістік. Атын айтпаймын, орыс жігіт. Сол чемпион көп ұзамай, спортты тастап, әйелімен айырылысып, ішімдікке салынып кетті. Көшеде қағып жүрді. Әйтеуір бір кезде жұмысқа тұрып, енді адам қалпына келген сияқты. Естігенім СТО автослесарь боп жұмыс жасайды екен» деп, тағы бір аутсайдерлік өмір траекториясын айтты.

Зерттеу барысында біз болжамаған өмірлік траекториясының модельі пайда болды. Ол сарапшы ОК Кеңес Одағының даңқты гимнасты Елена Мухинаның өмірлік жолын аутсайдерлік деп санап, өз ойын атқанда пайда болды. Сарапшы ОК:

«Елена Москва Олимпиадасына қатты дайындалды. Оған дейін Елена КСРО чемпионатында көпсайыста екінші болды және Прагада өткен Еуропа чемпионатында жеке снарядтардан үш алтын алды, Әлем чемпионатында абсолюттік чемпион болды. Ол бұрын белгісіз болған, еш кім орындамаған элементті - «Мухина ілмегі/Петля Мухиной» орындайтын болды. Бірақ,

жаттығыу кезінде алған жарақат оны Мәскеу олимпиадасына қатысуға жол бермеді. Ол сонан соң 2006 жылдың желтоқсанында қайтыс болғанына төсек тартып жатты. Бірақ, ол нағыз спортшы екенін дәлелдеп кетті. Үйден оқып жоғары білім алды, кандидаттық диссертация қорғады» деп, экс-спортшының мықты рухын, өмір сүйгіштігін айтты.

Біздің ойымызша, бұндай өмірлік траекториялар бөлек үшінші модельдің түріне жатады. Кенеттен келген ауыру немесе ажал экс-спортшының өмірін қиып немесе әлеуметтік ортадан оқшаулап, жалғыз қалдырады. Өйткені олар белсенді спортшы болып қала берсе, әлі де жетістікке жетіп, өздерінің өмірлерінің ұтымды траекториясын жалғастыра беруші еді. Осы контексте біз мысалы Сидней Олимпиада чемпионы Бекзат Саттархановты айтамыз. Бізбен келіскен сарапшы ЕЫ

«Әрине, Бекзат Саттарханов бірнеше дүркін олимпиада чемпионы болады деген үмітіміз болды. Бекзаттың өмірден өтіп кетуі бүкіл қазақ халқы үшін ауыр қаза болды. Біреуге ерте, біреуге кеш деген сияқты. Сондықтан спортшыларға айтып отырам, ең бірінші сабырлылық. Сабырлық сақтаған жерде бәрі дұрыс болады. Қызбалыққа ешқашан жол бермеңіздер». Келесі сарапшы АС: «трагедиялық тағдырлар қатарына 2018 жылы Денис Теннің де өлімі және 2003 жылы жарыс кезінде қайтыс болған велосипедист Андрей Кивилевты және басқа да атақты спортшыларды айтуға болады. Бір өкініштісі бұл соңғысы емес әлі де болады. Неге десеңіз, бұл өмір. Чемпион болсын, спортшы болсын ... Өйткені, өмір бар жерде өлім бар».

Кенеттен қайтыс болған көп шетелдік спортшылардың арасынан сарапшы БТ *«естеріңізде ме, 1996 жылы испан велошабандоз Мануэль Санрома жарыс кезінде құлап қайтыс болды, оған дейін бір жыл бұрын, Фабио Кадзартелли – итальян велосипедисті «Тур де Франс» жарысының этапында құлап, басын асфальтқа соғып өліп қалды»* деп атап өтті. Демек, осылдай тағдырлары жарыс кезінде үзіліп немесе спорттан әлі кетпеген кезіндегі қайтыс болған спортсмендердің өмірлік траекторияларын бөлек в типке, моделге жатқызуға болады. Әзірше бұл тип бар деп қана есептеп, болашақта нақтылы статистикалық деректер арқылы әр спорт түрінен, әр елде, нақтылы әр өлімнің себебін анықтап, бір бөлек зерттеу жүргізуге болады деп санаймыз.

Зерттеуіміздің негізгі мақсаты спортшылардың айтсайдерлік өмірлік траекторияларының себебін анықтау болғандықтан біз сарапшыларға осы туралы ойларын сұраған едік.

Сарапшы ЕМ бұл жайлы: *«Көп жағдайда спортшылар спорттан кеткеннен кейін құлдырап кетіп жатқанын да көрудеміз. Оның себептері, спортшылардың үнемі халықтың назарында болып жүріп, сосын спорттан кеткеннен кейінгі өмірінде ел назарынан тыс қалады, бұл психологиялық тұрғыда өте ауыр»* тиеді, сондықтан негізгі себеп коммуникациялық және психологиялық жағдайлар деп есептейді. Ал өзі Олимпиада чемпионы болған сарапшы ЕЫ *«Кейде ойлаймын, көп нәрсе адамның өзіне байланысты. Біреулер түңіледі мен осы ешкімге керек жоқпын деп»,* демек спортшы соны қайғырып босып кетеді.

Келесі эксперт РС: *«айтсайдер модельне тек үкіметті немесе басқа*

әлеуметтік институттарды кінәлауға болмайды. Мен жоғарыда айтқандай элиталы спортшылар үкімет тарапынан, қаржылық тұрғыда, материалдық тұрғыда қолдау алады. Құрама команданың мүшесі ретінде спортшылар ай сайынғы өздерінің еңбек ақысын алып отырады. Олардың жүріс-тұрысына, киім киісіне, спорт түріне байланысты бәрімен қамтылған. Ал енді спортта үнемі осындай мемлекеттің қарауында, қамқорлығында болады да, содан кейін кәсіби спортпен қоштасқаннан кейін өз өзін таба алмай қалып жатады. Дайын, тегін тұрған еш дүние жоқ» деді, олай болса жаңа өмірлік кезеңде спортшының бейімделу, жаңа жағдайды саралау мен сараптау қасиеттері жоқ болғаннан олар «қаңғып» кетеді. Сарапшы ЕМ айтуынша «Мемлекет олимпиада чемпионы болса оған 250 мың долларын берді, көлігін берді, пәтерін берді. Кейбіреулер осыны дұрыс пайдаланбай, игере алмай жатады. Әр адамның психологиясы әртүрлі болады, кейбіреулер көтере алмай қалып жатады. «Семіздікті қой ғана көтереді» деген мақал бар. Мен білемін, мысалы, құмар ойын ойнап кеткен спортшылар да бар, аттарын атамай ақ қойяын. Даңқты спортшылар. Бірақ қазір қойып, біраз адамдар олармен жұмыс істеп, психологтар жұмыс істеп, қазір бір қалыпқа түсіп, ұстанымдарын өзгертіп, ел үшін еңбек етіп жатқан азаматтарды танымын өз басым». Демек тағы сол тұлғаның құндылықтар жүйесі, ұстанымдарының беріктігі мәселесі туындайды.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, экс-спортшылардың өмірлік траекториясына қоғам және қоғамдық пікір қатты әсер етеді. Мысалы сарапшы ДД «Адам спортта жүргенде көзқарас қалай болса, спорттан кейін де солай болуы керек. Ол көзқарас жоғалмауы керек. Біздегі бір кемшілік, олардың даңқы асып тұрған кезде аспанға көтеріміз де тастай саламыз. Көптеген спортшыларымыздан айырылып қала жаздадық. Олар чемпион болса көрінген жерге апарып, көрінген жерге шақыртып аламыз. Ондай жерде ұрыс болады, керіс болады. Спортшыларды осындай жерге кіргізіп жіберіп қаншамасынан айырылып қала жаздадық» деді. Шынында да қаншама жеңімпаздарды жарыстан соң мақтап, сыйлықтарын беріп сосын ұмытып жатамыз.

Сарапшы ЕБ «Шындығына келгенде, кейбіреулер атаққа, даңққа даңдайсынып, көтере алмай қалып жатады. Елді менсінбей, сен менен әлдеқайда төмен тұрсың, мен кімін, сен кімсің дегендей. Сен былай тұр, мен былай тұрайын деп жатады. Бұл жұлдыз ауруы. Осыны ұстаған спортшылар ерте ме, кеш пе барар жері анық. Халық елемейді, билік елемейді. Сондықтан мен, артымнан еріп келе жатқан жеткіншектерге даңдайсымаңдар, қалай биікке көтерілгендер соны ойлаңдар деп айтып отырамын. Қашанда қарапайым халыққа жақын болуын талап етемін» деп қоғамдық пікір лидерінің өз ізбасарларына кеңес беріп, экс-спортшының айтсайдер болмауына ықпал етуі орынды екенін айтты.

Сарапшы БТ спортшының адами қасиеттері басым болу керктігін айтты «Менің шәкірттеріме айтатыным, бірінші кезекте чемпион емес, адам болуға тырысу керек. Білімді адам болуға. «Білекті бірді, білімді мыңды

жығады» деген сөзі бар. Сондықтан сендер кітап оқыңдар деймін». Ал эксперт АС болса «Спортшылардың өз өзін жеңе алмайтындығында. Жалқаулықты жеңе алмайтындығы» деп экс-спортшының өзін ұстауда, өзін тәрбиелеуде, қалыптасқан дағдыны жоғалтуда екендігін айтты. Сонымен көп жағдай спортшының өзіне байланысты, ол турлаы сарапшы ҚЕ «Оның басты себебі адамның өзіне байланысты деуге болады. Немесе жоғарыда атап кеткендей, спортпен гана шұғылданып сауатсыз болып қалуында және де денсаулығына да байланысты көптеген спортшылар қайтадан спортқа орала алмай күдерлерін үзіп жатады деп ойлаймын» деп, экс-спортшы дер кезінде білім алып, спорттан кейінгі өмірге дайын болу керек дейді.

Сарапшылардың көзқарастарын қорытындылайтын болсақ, олардың басым бөлігі экс-спортшылардың өмірлерінің айтсайдерлік траекторияға ұшырауы, біріншіден, жаңа өмір ретінде бейімделе алмайды, екіншіден, қаржылай және материалдық тұрғыдан қиындық көреді, үшіншіден, азаматтық және адамгершілік принциптері тұрақсыз. Бұл жерде мемлекет пен қоғамның да кері әсерін айта кету керек. Спортшы керек болған кезде оған қыруар қаржы бөліп, елдің атын шығарған кезде «алақанға салып» жүреді де, спорттан кетсе чемпион ұмытылады.

Зерттеудің маңызыды міндеті сарапшылармен сұқбатта келесі *«Біздің зерттеудің бір мақсаты экс-спортшылардың аудсайдерлік үлгілері туралы болғандықтан сіз осы мәселені шешуде қандай шаралар жасау керек екенін айтар едіңіз?»* сұрақ арқылы шешілуі керек еді. Біздің болжауымызша, егер экс-спортшылардың арасында айдсайдерлік өмірлік траекториясы бар болса, оның алады алуға сарапшылар құнды ұсынстар айту керек. Осыған байланысты сарапшы ДД *«Мен мықтымын деменіздер. Сізден де мықты адам табылады. Мен мықтымын деп алдыдан шыққан адамдарды таптап кету болмасын. Ол адам артыңнан келіп пышақ салуы мүмкін. Сондықтан спортшылар сабырлы, қызбашылыққа салынбай халықпен жақсы қарым қатынаста болуы керек»* деп, спортшылардың күнделікті тіршілігінде қызба болмай, адамдармен қарапайым қарым-қатынаста болу қажеттігін айтты. Ал сарапшы ЕБ *«Менің көптеген әріптестерім, менімен бокстасқан, менімен қатар өнер көрсеткен, осы елде өмір сүріп жатқан қайсы спортшыны алмасаңыз да, қалып қойды, көшке ілесе алмай қалды дейтіндей менің қатарластарымның арасында жоқ. Неге десеңіз, спортшыларды олимпиадаға дайындау орталығының басшысы ретінде мен, көптеген мәселелерді шеше аламын. Егер сондай спортшылар маған келсе, тапсырма беру арқылы жұмысқа орналастыра аламын, басқа да көмегімді аямаймын»* деп, айдсайдерлердің болмауын жанашырлық пен көмек беру арқылы шешуге болатыны айтты.

Сарапшы ҚЕ *«Әрине, біріншіден сол спортшының отбасына, отбасының әлеуметтік және қаржылық жағдайына қарау өте маңызды деп ойлаймын. Себебі өмірде де, спортта да табысты болу үшін жақын адамдарыңның, отбасыңның қолдауы, көмегі өте қажет деген ойдамын. Және де қазіргі 21 ғасырда жоғары білімді азамат болу спортшыға да*

артықшылық етпейді деуге болады» деп экс-спортшыны қаржылай қолдау және оны отбасы мүшелерінің қолдауы қажет дегенді негіздеді. Сарапшы ОК «Қазір атақты спортшыларға өмірлік пенсия беріледі. Оған ілінбей қалғандар қаниама. Міне, соларға көмек берсе. Үйлерін шешіп берсе, жұмыстарын реттеп берсе. Менің ойымша, спортшылардың көбі өмірге бейімделген кісілер. Спорттан кетсе де, әйтеу бірдеңесін табады. Мұғалім болса да, тренер болса да. Экс-спортшыларға арналып заң қабылданса екен деген ойым бар» деп спорт ардагерлерін құқықтық тұрғыдан қорғау қажеттігін айтты.

Эксперт АС «Ең бірінші, спортшыларға психологиялық тұрғыды келуі керек. Спортшылардың неге бейім екенін ескеруіміз керек. Спортшы міндетті түрде ерте ме, кеш пе үлкен спортпен қоштасады. Біз спортшының болашақта аудсайдерге айналмауын қаласақ, спортшыны зерттеуіміз керек, әсіресе психологиялық жағдайын. Психологиялық тұрғыда бір күйден екінші күйге айналуын сездірмеу керек. Мүмкіндік болса оларға жұмыс тауып беруіміз керек. Қоғамдық жұмыстарға көптеп тартуымыз керек» десе, ал сарапшы ДД «Спортты бастап тастап кетіп, кейін өмірде жетістікке жеткен адамдарды да зерттеу керек. Мысалы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы. Ол кісі спортпен жақсы шұғылданды. Өзі айтады спорт мені тәрбиеледі деп. Қандай қасиет? Ешнәрсеге берілместен мықтылық қасиет, бұлшық еттердің өсуі. Осы сияқты спорттан алған көптеген дүние мені үлкен межеге көтерді дейді, сол сияқты жақсы үлгілерді насихаттау керек» деп бұл мәселенің психологиялық жақтарын да ескеру қажеттігін айтты.

Сарапшы РС «Оларға сауықтыру кешені керек. Өзіңіз білесіз ғой үлкен спорт адамға денсаулық қоспайды. Үлкен спорттан алған үлкен, кіші жарақаттарды емдейтін сауықтыру орталығын ашу керек. Сол жерде жалпы әлеуметтік-психологиялық реабилитация да қатар атқарылуы керек» десе, сарапшы ДД «әріптестер жақында «Сіз қайдасыз чемпион?» деген бағдарлама ашты. Сол сияқты көптеген бағдарламалар ашу қажет. Еліміздің басты арналарынан басқа да экс-спортшыларға арналған бағдарламалар қажет, чемпион мен вице-чемпиондар үшін» деп экс-спортсмендерді әлеуметтік-психологиялық қолдау да маңыздылығын айтты.

Сонымен сарапшылардың басым бөлігі айтсайдерлік өмір траектория үлгісін болдырмау үшін оларды уақытында жұмысқа қабылдап, қажетті жағдайда медициналық реабилитациямен қатар әлеуметтік-психологиялық қолдау керек екенін айтты. Эксперттердің бір бөлігі чемпиондардың жеке қасиет қабілеттері, мінез-құлық еркшеліктері де айтсайдерлік өмірлік траекторияға әкелуге әсері бар екенін көрсетті.

Зерттеуіміз жартылай еркін сұқбат әдісімен жүргізілгеннен соң, сарапшылардан қосымша сұрақтар арқылы зерттеу мәселесіне байланысты тағы бір ғылыми қызығушылық туғызатын жайт анықталды. Ол экс-спортшылардың өмірлік траекториялары тек ұтымды немесе айтсайдерлік моделдермен шектелемей, жоғарыда айтқан трагедиялық үлгі бар екені.

Сонымен қатар, біз тағы бір модель бар деп ойлаймыз. Оны шартты түрде «ауыспалы жетістіктер» немесе «құбылмалы» өмірлік траекториялар деуге болады. Оған біз спортшылардың спорттан кейінгі өмірі дәл бұрынғыдай даңқты және көпшілікке мәлім болмаса да, қарапайым болып немесе өмір интенсивтілігі төмендеп, қайта көтерілгенін мысалдарын жатқызамыз.

Олай деп топшылауымызға сарапшы ЕМ *«Мысалы үшін, екі дүркін олимпиада, төрт дүркін әлем чемпионы Илья Илин. Бүкіл спортшының армандайтын арманы олимпиада шыңын бағындыру. Міне, сол дәрежеге жетіп тұрып, құрметке ие болып, шыңның ең биігіне шығып тұрып, құлап кету, екі бірдей олимпиада медалынан айырылып қалу психологиялық тұрғыда өте ауыр. Ол алғашқы кезде сөзсіз депрессияға түсті, ол қиналды. Осындай тұста қоғамдық пікірдің де, сол сияқты лауазымды тұлғалардың да қолдауы ерекше маңызды болды. Ильин өзі біздің академияда магистрлік диссертациясын, PhD доктрлық атағын қорғады. Қазіргі оның жағдайын білеміз, көріп жүрміз. Өмірі түзеліп келе жатқан сияқты. Тағы да жарыстарға шығамын дейді»* деп осыған байланысты нақты мысал келтірді. Сарапшы ДД *«Болат Жұмаділдаевта сондай мықты азамат. Спортта ондай жетістікке жеткен ешкім жоқ. Бірақ, қазір дауысы шықпайды. Облыста жүр деген сыбыс бар. Бірақ мықты шәкірттер дайындап жатуы әбден мүмкін»* десе, сол спортшы туралы ЕЮ *«Мысал ретінде мен айтар едім, екі дүркін олимпиада ойындарының күміс жүлдегері, еңбек сіңірген спорт шебері Болат Жұмаділов. Міне, осы азамат құрама командаға қалай келді содан бастап ұдайы нәтиже беріп отырды. Қазір қарап отырсаңызда көп жерде бұл кісінің аты-жөні айтылмайды. Сол сияқты Мұхтарқан Ділдәбековтың, осы Аягөден шықан Бауыржан Қайрменов, Мақсат Бақтыбазаровтың, сол кезде әлем деңгейіндегі турнирлердің чемпионы атанған жігіттердің айтылмай қалуы. Көбінесе біздің пиар мамандар тек спорттың басында тұрған чемпион болған спортшылармен ғана жұмыс жасайды да, одан кейінгі жетістікке жеткен, екі есе тер төккен талантты спортшыларымыз тасада қалып қойып жатада. Сондай құрбандардың бірі осы жоғарыда айтылған спортшылар»* деп қостады. Бұндай жаттардың бір себебі сарапшы АС айтқандай *«шет жағасын айтып кеткендей өмір зой бұл. Өмір болған соң бәрі болады, біреудің жолы болады, біреудің жолы болмайды, біреудің тірегі болады, біреудің тірегі болмайды. Сондықтан да бәрі бірдей дегенге негіз жоқ»* деп, спортшылардың өмір жолында бәрі тек олардың күш-қуатымен рухани қайратына байланысты еместігін айтты.

Сондықтан болашақта экс-спортшылардың өмірлік траекторияларын зерттегенде екі-үш траектория моделімен шектелмей басқа да моделдер түрін анықтаған жөн. Ол үшін біріншіден өте көлемді эмпирикалық деректер қоры керек. Екіншіден біз атқарған зерттеулер саны көбейіп, талдаулар мол болғаны дұрыс.

Диссертациялық зерттеу аясында атқарылған біздің сарапшыларға қойылған соңғы сұрақ ол *«Болашақта экс-спортшылардың табысты және аудсайдерлік үлгілерін зерттеу болса сіз қандай жайттарға көңіл аудару*

керек екенін айтар едіңіз?» деген болатын. Бұған сарапшы ОК «Егер сіздер осы ғылыми зерттеуде осы модельдерді анықтайтын болсаңыздар, бәлкім, бұл да өзіндік серпіліс беретін шығар. Спортшылардың болашағына, олардың әлеуметтік мәселелеріне өзіндік әсерін беріп, ықпал етуі мүмкін ғой. Сондықтан біз, сіздер сияқты ғалымдардан үлкен жаңалықтар күтеміз» десе, сарапшы ЕМ «Бізде оның қалыптасқан моделі әлі жоқ қой. Анықталған жоқ. Егерде сіздер осы модельдерді қалыптастыратын болсаңыздар, аға буын мамандардың пікірі маңызды ғой сіздер үшін. Бұл мәселе өте өзекті, өте маңызды дер кезінде көтеріліп, зерттеліп жатқан мәселе деп айтар едім» деп, болашақ зерттеулердің қажеттегі мен маңыздылығы туралы айтты. Сарапшы РС «Әрине, бір зерттеумен шектелмей болашақта бұл бағытта ғылыми іздерістер жалғасуы керек. Шет ел тәжірибесі қандай екен, спортшыларды қалай қолдайды екен, бәрін ескеріп құнды зерттеу жобасын іске асыруға болады» деді.

Сонымен қатар сарапшы БТ «Экс-спортшылардың әлеуметтік мәселе бойынша үкімет тарапынан қаншалықты қорғалған, қандай заңдар бар, заңнамалық актілер бар бұғанда зерттеу жүргізіп алған дұрыс сияқты. Содан кейін барып лидерлік және аудсайдерлік топтарға ілісетін спортшыларды анықтап алу керек сияқты. Әрине, оған бірден бір маңызды ақпараттар керек, көп жұмыс істеу керек, архивпен жұмыс істеу керек деген сияқты. Содан кейін, сіздердің зерттеулеріңіздің бір бағыты сауалнама жүргізу. Осыны пайдалана отырып спорттағы лауазымды тұлғалармен сөйлесу керек деп ойлаймын» деп, болашақ зерттеулердің нақтылы бағыттары мен амалдары туралы айтты.

Ал кейбір эксперттерге біз атқарған жұмыс тым тансық болып, сарапшы АС «Шыны керек. біз бұны ойламағанбыз. Сіз бізге үлкен идея, ұсыныс айтып жатырсыз. Сіздің бұл сөздеріңіз маған ой салды. Алдағы уақытта біз осы мәселемен айналысатын боламыз» деп айтса, енді басқа сарапшы ҚЕ «осы мәселені анықтауда жан-жақты зерттеулер қажет деп ойлаймын» деп айтқан еді.

Бұдан біз сарапшылар ортасында әлі біз көтерген мәселе маңызды деп ескерілмейтінін көреміз. Олар білетін аутсайдерлік өмірлік траекториялар бірең сараң болып, көп таралмаған сияқты болуы мүмкін. Өйткені олар көбінесе кәсіби тұрғыдан тек өз спорт түрінің мамандары мен спортшыларымен араласады. Білген фактілерін айтқысы келмейді, бірақ бұл мәселе зерттелуі керек екенін түсінеді. Сондықтан эксперттердің басым көпшілігі болашақта осындай зерттеулер қажет деп айтты.

Сонымен біз зерттеуіміздің бірінші болжамын «Қазақстандағы спорт кеңістігінде бұрынғы таңдаулы спортшылармен жұмыс істеу, олардың әлеуетін спортты дамытуға жұмылдыру жеткіліксіз» дегенді жартылай дәлелдедік. Өйткені экс-спортшылардың жартысы спорттан тыс жұмыс жасап немесе мүлде еңбекке жарамсыз болып қалады екен. Зерттеудің екінші «Қазақстандық спортшылардың спортпен белсенді шұғылданып жетістікке жеткен кезеңдернен соң, өмірлерінде жаңа кезең басталып, олардың өмірлік траекторияларында ұтымды және аутсайдерлік моделдер қалыптасады»

болжамы да жартылай дәлелденді. Өйткені моделдер қатары қосымша екі атаумен толықты. Олар «трагедиялық өмір соңы» мен «ауыспалы жетістіктер» немесе «құбылмалы» өмірлік траекториялар деп атадық. Олай деуге сарапшылардың пікірін қорытындылау барысында және соңғы 30 жылда спорт әлеміндегі оқиғаларды талдау барысында көзіміз жетті.

Зерттеуіміздің негізгі құндылығы ол сарапшылар мен біздің нақтылы ұсыныстармен айқындалады. Сондықтан, болашақта экс-спортшылардың «айтсайдерлік», «ауыспалы жетістіктер» және «трагедиялық» өмірлік траекторияларын болдырмау үшін немесе болу қатерін барынша азайту үшін келесі ұсыныстарды айтқымыз келеді. Біріншіден, сарапшылардың айтуына байланысты экс-спортшылар өмірлік қиындықтарға психикалық тұрғыдан дайын емес. Сондықтан алғашқы ұсыныстарымыз спортшыларды неғұрлым психологиялық білім мен өзін өзі тану амалдарымен «қаруландыру»:

-спорт мектептеріне және спорттық секцияларға қабылданатын жас спортшы тек медициналық тексеруден өтіп қоймай, сонымен қатар психологиялық бақылаудан өту керек;

-болашақ спортшыға міндетті түрде әлеуметтік психология, жас ерекшеліктер психологиясын пән ретінде оқытылуы керек;

-кәсіби спортшыға ұдайы психологиялық кеңес берілуі керек;

-спорттық федерациялар штаттық құрамында психолог, әлеуметтік қызметкерлер болуы қажет.

Келесі ұсыныстар спортшының спортты тастаған кейінгі кезеңдегі қатерлерге төтеп беру мүмкіншіліктерін аттыруды қамтамасыз етуді көздейді:

-үлкен спортқа келген спортшы міндетті түрде кәсіп иесі немесе оқу орнында бір мамандықта оқу керек;

-экс-спортшының спорттық мансабы аяқталмас бұрын жаттықтырушы, бизнес-менеджер, саяси-менеджер, журналист және басқа да екінші мамандыққа оқыту тиімді.

Ұсыныстарымыздың соңғы топтамасы ұлттық құрама команданың мүшесі болғаннан бастап спортшыны әлеуметтік қорғау шараларымен аяқталады:

-мемлекеттік медициналық көмекпен өмір бойы және зейнеткерлік жасқа дейін минималды ақшалай төлем ақымен қамтамасыз етілуі керек;

-жылына екі рет спортшы емдеу-сауықтыру шараларын қабылдау керек;

-Азия, Еуропа чемпионаттарында жүлделі орын алған, Әлем чемпионаты мен Олимпиада ойындарында үздік он орынға кірген спортшыға мемлекет есебінен өмір бойы жалға пәтер берілуі керек;

-егер кәсіпқой спортшының жасы 21 толмаса, оған мемлекет есебінен көлік пен қоса жүргізіші-оққағар бөлінуі керек;

-Азия, Еуропа, Әлем чемпионаттары мен Олимпиада жүлделі орын алған үшін сыйақыға қосымша елу пайыз бөлек шотта сақталып, еңбекке жарамсыз немесе зейнетке шыққанда пайдалануы үшін сақталуы керек;

-спортшылардың жаранмалық табыстары салықтан бостылуы қажет;

-спортшының денсаулығы мен өмірі міндетті түрде сақтандырылуы керек.

Әрине, өмірде барлық жайттарды ескеріп, алдын ала қамдану мүмкін емес. Бірақ қарапайым және қажетті шараларды атқару арқылы мемлекет ұлт беделі мен намысы үшін өз басын бәйгеге тіккен азаматын қолдау керек. Қоғам мүшелері өз кезегінде сол спортшылар үлгісімен тәрбиеленіп, салауатты өмір салтын ұстанып өмір сапасын жоғарлатуы сөзсіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу өте күрделі және қызықты тақырып өмірлік траекториялар моделіне арналғандықтан ол тек ғылыми қауымдастыққа ғана тартымды емес, сонымен қатар қалың қауымды да алаңдатқан сауалдардың бірі. Өйткені спортшылардың спорттан кейінгі өмір жолындағы жағдайлар тек олардың жеке басының проблемалары емес, бүкіл қоғамның мәселесі. Неге десеніз оларды халық біледі, олар чемпион болсын деп қыруар қаржы жұмсалды, ендігі кезекте олар жас ұрпаққа үлгі болып, келесі чемпиондардың буынын бастау керек қой.

Проблеманы зерттеу барысында біз экс-спортшыларға жағдай жасалуы керек екенін алға тарттық. Бүгінгі таңдағы Азия, Әлем, Олимпиада чемпиондары қайдан шықты дейтін болсаңыз, қазіргі экс-спортшыларға еліктеп өскен спортшылар. Демек, талантты талант тудырады. Қазір елімізде экс-спортшыларға арнайы степендия тағайындалған. Мемлекеттің әнұраны шетелде екі жағдайда ғана орындалады. Бірінші, президент басқа мемлекетке барған кезде. Екіншіден, спортшылар жеңіс тұғырына көтерілген кезде. Сондықтан да, мемлекет неғұрлым спортшыларға көп көңіл бөліп, жағдай жасаса, соғұрлым елдің танымалдығы жас ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстануы берік және кең ауқымды.

Диссертацияның теориялық негізін француз социологы П.Бурдьенің тұжырымына сүйендік. Ол «траектория» терминін әлеуметтануға енгізді деуге болады. П.Бурдье индивид түрлі әлеуметтік алаңдарда іс-қимыл жасай отырып, өз өмірінде алатын позициялардың тізбегі ретінде анықтайды. Бұл ұғымның астарында білім беру, кәсіби және әлеуметтік траекторияларды біріктіреді; жекелеген жағдайларда ол ұғымды неғұрлым тар мағынада қолдана отырып, оларды ажыратады. Ғалым траекторияның кез келген қабаттары немесе кластары үшін жеке және ұжымдық немесе модельді түрлерін ажыратады. Өзінің тағы бір жұмыстарында П.Бурдье «траектория» ұғымын әлеуметтік кеңістіктегі агенттің алатын позициялар орны ретінде анықтайды, ал кеңістік өз кезегінде өздігінен дамиды және үздіксіз трансформацияға жатады деп көрсеткен.

Жалпы, П.Бурдье «траектория» түсінігі өмірбаянмен салыстырғанда неғұрлым тар түсінік деген. Ол, «өмірбаянды біз белгілі бір жайттардың тұтастығын немесе үзілген ретін білмесек те, объективті тізбегі деп қабылдаймыз. Ал «траектория» болса нақтылы формасы бар, тұтас. Оның мән мағынасын информант зерттеушілер мен индивидтер үшін өз өмірбаянын саналы түрде бір келкі қылып көрсетеді» дейді. Бөлек жағдайлар мен өмір кезеңдері немесе өмір траекториясының нүктелері, тұтас өмірді көрсететін бір бірімен байланысты, толықтырушы болып табылады.

Осыған сәйкес біз де өмірлік траекторияларды анықтау барысында сарапшылардан сұқбат алып олардан өздері жақсы білетін спортшылардың өмір жолын сараптап қандай өмірлік траектория моделіне сай деп ойлайтынын сұрадық. Сонымен қатар спортшының тағдырына байланысты қандай әлеуметтік факторлар әсер етеді және спортшының өзін қоршаған

ықпалы қандай екенін анықтадық. Өйткені, кейбір социологтар өмір жолы тұлғаның тек өмір траекториясы емес, ол міндетті түрде субъектінің шығармашылық дамуымен байланысты.

Сонымен біз теориялық зерттеулерді және сарапшылардың сұқбаттарын талдай келе бүгінгі күнде экс-спортшылардың өмірлік траекторияларының 4 моделі бар деп айта аламыз. Бірінші модель ол «Ұтымды модель». Оның иелері өздері споршы болған соң сол спорт саласында қызмет атқарып жүре береді. Олардың басым бөлігі жаттықтырушы, спорт басқармасы немес спорт мектебінің басшылары болуы мүмкін. Бұлардың қатарына мемлекеттік қызмет, саяси карьера және бизнес жасаған тұлғаларды жатқызамыз.

Келесі модель «Аутсайдерлік модель». Бұл модель көбінесе спорттан кейін өзіне лайықты жұмыс таба алмай, әлеуметтік-психологиялық жағдайлары жаман болып босып кеткен экс-спортшыларды жатқызамыз. Сарапшылардың пікірінше бұған бірінші кезекте тұлғаның өзі кінәлі, бірақ қоғам мен мемлекеттің де жауапкершіліктері бар.

«Ауыспалы жетістіктер» немесе «құбылмалы модель» деген өмірлік траекториялар иелері кезінде ел алдында жұрып, қазір еленбей қалғандар. Көбі қиын өмірлік жағдайларды жеңіп, жаңа өмір бастағандар. Демек, кезіндегі қарқынды траекториялары төмендеп қайта көтеріле бастағандар.

Біздің типтеуіміздегі соңғы модель ол «трагедиялық өмір соңы» деп аталады. Олардың қатарында жарыс, жаттығыу кезінде немесе кездейсоқ жарақат алып мүгедек, қайтыс болғандар. Әрине, олардың өзі осы өмірлік траектория моделіне дейін жоғарыда көрсетілген бір модель иесі болады.

Зерттеуіміздің қорытындысы ретінде сарапшылардың басым бөлігі айтсайдерлік өмір траектория үлгісін болдырмау үшін оларды уақытында жұмысқа

қабылдап, қажетті жағдайда медициналық реабилитациямен қатар әлеуметтік- психологиялық қолдау керек екенін айтқанын қолдаймыз. Олардың ішінде спортшыларға психологиялық білім беру мен өзін өзі тану амалдарын үйрету,

спортты тастаған кейінгі кезеңдегі қатерлерге төтеп беру мүмкіншіліктерін аттыру, ұлттық құрама команданың мүшесі болғаннан бастап спортшыны әлеуметтік қорғау шараларын іске асыру. Сонымен қатар осы бағыттағы зерттеулерді ары қарай кең

көлемде жалғастырып, елімізде спорт пен салауатты өмір салтын насихаттайтын тұлғалар мен мекемелердің санын көбейтуді ұсынамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. В.И. Лях. Мой друг – физкультура. М, «Просвещение», 2002. – С.63.
2. Бальсевич В.К., Лубышева Л.И. Спортивно-ориентированное физическое воспитание: образовательный и социальный аспекты // Теория и практика физической культуры. – 2003, №5. – С.20-22.
3. Михайлова Т.А., Студенткина Е.С. Проблемы спорта и физической культуры в российских социологических исследованиях: история и перспективы развития // «Человек. Сообщество. Управление». 2017. Том 18. №14. С. 121-125.
4. Лубышева Л.И. Спортивная культура в спортизированном физическом воспитании // Физическая культура: воспитание, образование, тренировка. – 2004, №4. – С. 7.
5. Апциаури Л. Ш. Спорт как социальное явление и фактор социализации личности // Теория и практика физической культуры, 2003. №1. – С.12–14.
6. Резник Ю.М., Смирнов Е.А. Жизненные стратегии личности: Опыт комплексного анализа. - М.: Ин-т человека РАН: Независ, ин-т гражданского об-ва, 2002. - 259 с.
7. Нятина Н.В. Социализационная и жизненная траектории: интерпретация и механизм движения // Вестник Кемеровского государственного университета. Серия: Политические, социологические и экономические науки. 2017. №1. 34-37 б.
8. Теория физической культуры и спорта. Учебное пособие /Сиб. федер. ун-т; Сост. В.М. Гелецкий. – Красноярск: ИПК СФУ, 2008. – 34 с.
9. Heinemann K. Einfurng in die Sociologie des Sports. – Schorndorf: HofmanVerlag, 1980. P.198-211.
10. Жан Пиаже: теория, эксперименты, дискуссии : Учеб. пособие для студентов психол. специальностей и направлений / Под ред. Л. Ф. Обуховой, Г. В. Бурменской. — М.: Гардарики, 2001.
11. Западная социология. В 2 ч. Часть 2: учебник для бакалавриата и магистратуры / И. А. Громов, В. А. Семенов. - 3-е изд., испр. и доп. - М. : Издательство Юрайт, 2018. - 56 б.
12. Западная социология. В 2 ч. Часть 2: учебник для бакалавриата и магистратуры / И. А. Громов, В. А. Семенов. - 3-е изд., испр. и доп. - М. : Издательство Юрайт, 2018. - 84 б.
13. Ashworth Peter. Psycholodgy and “human nature”. Philadelphia. 2002. P.84.
14. Woll A. Scientific Yearbook: Studies in the theory of Physical Education and Sport. – 1987. Vol. 1. – Polish Scientific Publishers. P.97.
15. Столяров В. И. Социология физической культуры и спорта. – М., 2005.- С. 124.
16. Западная социология. В 2 ч. Часть 2: учебник для бакалавриата и

магистратуры / И. А. Громов, В. А. Семенов. - 3-е изд., испр. и доп. - М. : Издательство Юрайт, 2018. - 80 б.

17. Саликжанова Р.С. Место спорта и досуга в жизни молодежи // Сборник тезисов и докладов конференции Международной федерации студенческого спорта «Университетский спорт и олимпийский спорт: две модели – одна цель?». 14-17 июля 2013 года. Россия, Казань. – 222-223 б.

18. Саликжанов Р.С. Жастардың дене тәрбиесі: әлеуметтанулық талдау // Молодежная политика университета как фактор вовлечения обучающихся в укрепление духовно-нравственных ценностей общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік ел»: Материалы 1 Республиканской научно-практической конференции, Посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан 13 мая 2016 г. –Алматы: университет «Туран», 2016. – 88-89 с.

19. Мильштейн О. А., Кулинкович, К. А. Советский олимпиец: социальный портрет. Москва, 1979. – 26 с.

20. Визитей Н.Н. Социология спорта. Курс лекций. Киев 2005. – 62 б.

21. Виноградов П. А., Жолдак В. И., Чеботкевич В. И. Социология физической культуры и спорта. Пенза. 1995. – 45 б.

22. Иманбаева А.А. Спорт әлеуметтануының теориялық проблемалары және тұлғаны спорт арқылы дамытудың еліміздегі мүмкіндіктері // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. №3(46) 2016, 13 бет.

23. Городилин, С. К. История развития социологии физической культуры и спорта. Гродно. 2001. – 82 б.

24. Фомин Ю. А., Починкин А. В., Котов А. В. Профессиональный спорт как объект отечественных исследований // Социологические исследования. 2000. №7, 128–130 с.

25. Лубышева Л. И. Социология физической культуры и спорта. Москва. 2001. – 32 б.

26. Чесноков Н. Н. Хрестоматия по социологии физической культуры и спорта. Раздел 1. Москва, 2005. – 37 с.

27. Михайлова Т.А., Студенткина Е.С. Проблемы спорта и физической культуры в российских социологических исследованиях: история и перспективы развития // «Человек. Сообщество. Управление». 2017. Том 18. №14. С. 162-163.

28. Фомин Ю. А. Влияние российского спорта на формирование личности // Социологические исследования. 2008. №10. 143–146 с.

29. Паначев В. Д. Спорт и личность: проблемы социального управления // Социологические исследования, 2005. №11. 82–86 с.; Паначев В. Д. Спорт и личность: опыт социологического анализа // Социологические исследования. 2007. №11. 125–128 с.

30. Кардялис К., Кардялене Л., Шукис С., Янкаускене Р.

Отношение будущих специалистов физической культуры к здоровому образу жизни // Социологические исследования. 2007. №12. 129–132 б.

31. Скучас К. П. Спорт - эффективная мера социализации инвалидов // Социологические исследования. 2013. №9. 149–152 б.

32. Гуревич М. А., Радилковская Т. Ю. Физическая культура в уральском регионе // Социологические исследования. 2003. №3. 89–93 с.

33. Вакан Л. Габитус как объект и инструмент. Анализ становления боксера профессионала // Социологические исследования. 2014. №11. 113–120 б.

34. Вдовиченко Л. Н. Второе дыхание социологии спорта // Социологические исследования. 2015. №9. 151–153 с.

35. Долматова Т. В., Сорокина Л. В. Физическая культура и спорт как фактор публичной дипломатии // Вестник спортивной науки. 2015. №4. 10–12 с.; Якубов Ю. Д. Роль субъектов Российской Федерации в формировании государственной спортивной политики // Вестник спортивной науки. 2015. №1. 15-19 с.; Кыласов А. В. Идея олимпизма в контексте глобализации // Вестник спортивной науки. 2009.

№6. 64–66 с.; Кыласов А. В. Методология и терминология этноспорта // Вестник спортивной науки. 2011. №5. 41–43 с.; Баринов С. Ю. Формирование гуманистического отношения студентов к спортивному противоборству как элемент системы воспитания спортивногуманистической культуры // Вестник спортивной науки. 2010. №5. 42–46 с.

36. Апциаури Л. Ш. Спорт как социальное явление и фактор социализации личности // Теория и практика физической культуры. 2003. №1. - 16 б.

37. Шихвердиев С. Н. Жоғары білікті спортшыларды үлкен спорттан кеткеннен кейін қайта әлеуметтендіру // Дене тәрбиесінің теориясы мен практикасы. 2007. №1. 75-76 б.; Габов М. В., Валеев Р. З., Мартемьянов Ю. Г. Социальная адаптация высококвалифицированных борцов, выступающих на Сурдлимпийских играх // Теория и практика физической культуры. 2010. №1. 29–31 с.; Даниленко Т. А. Социальнопедагогические условия адаптации спортсменов высокого класса после завершения спортивной карьеры к условиям гражданского общества // Теория и практика физической культуры. 2010. №1. 26–28 с.; Грец И. А. Современный спорт и социальная адаптация женщин // Теория и практика физической культуры. 2010. №12 34–38 с.; Лубышева Л. И. Женщина и спорт: социальный аспект // Теория и практика физической культуры. 2000. №6. 13 с.; Литвиненко С. Н. Обсуждаем проблемы философии и социологии спорта // Теория и практика физической культуры. 2012. №5. 104 с.; Николаев Ю. М. Физическая культура и основные сферы жизнедеятельности человека и общества в контексте социокультурного анализа // Теория и практика физической культуры. 2003. №8. 12 с.; Зуев В. Н. Социальноэкономические условия формирования типологии болельщиков при проведении соревнований на спортивных сооружениях // Теория и практика физической культуры. 2007. №3. 18–21 с.; Кузьмичева Е. В. Социальные аспекты деятельности

волонтеров зарубежных спортивных клубов // Теория и практика физической культуры. 2008. №2. 78–82 с.

38. Козлова В. С. Спорт как социально-зрелищная сфера: формирование, функционирование, управление. (Автореферат докт. диссертации). Орел. 2005.; Славко А. Л. Социокультурный потенциал физкультурно-спортивной деятельности студенческой молодежи и условия его эффективного использования. (Автореферат канд. диссертации). Тамбов. 2012.; Шапкина Е. В. Социальная ответственность спортивной школы. (Автореферат кандидатской диссертации). Москва. 2009.; Паначев В. Д. Спорт в системе физической культуры общества: институциональный подход. (Автореферат докт. диссертации). Пермь. 2008.; Абросимова М. Е. Теоретико-методологический анализ роли адаптивного спорта в самореализации лиц с ограниченными возможностями. (Автореферат канд. диссертации). Саратов. 2012.; Безруков М. П. Социальная защита социально-профессиональной группы спортсменов. (Автореферат канд. диссертации). Москва. 2002.; Корнеев А. А. Спорт в системе социально-трудовых отношений. (Автореферат канд. диссертации). Майкоп. 2004.; Сенчук В. В. Эволюция спорта как социального института России. (Авто реферат канд. диссертации). Санкт- Петербург. 2012.; Михайлова Т. А. Социокультурные аспекты спорта и профессиональной деятельности спортсменов в современной России. (Автореферат канд. диссертации). Майкоп. 2016.

39. Смағамбет Б.Ж. Дене тәрбиесі және спорт мәселелерін әлеуметтанулық талдаудың маңызы //«Бұқаралық дене тәрбиесі және спортты дамытудың мәселелері» республикалық ғылыми – тәжірибелік конференциясының материалдары, 27- 28 қараша 2015 жыл. – Қарағанды, 2015, 45-47 б. (всоавторстве).

40. Смағамбет Б.Ж. Халықаралық деңгейдегі спорт әлеуметтануы // Дене тәрбиесі және спорт мәселелерін әлеуметтанулық талдаудың маңызы // «Бұқаралық дене тәрбиесі және спортты дамытудың мәселелері» республикалық ғылыми– тәжірибелік конференциясының материалдары, 27- 28 қараша 2015 жыл. – Қарағанды, 2015, 88-90 б. (в соавторстве)

41. Саликжанов Р.С. Sports and leisure position in youth life // «Олимпийский спорт и спорт для всех» XVIII Международный научный конгресс. Материалы конгресса. – Алматы: КазАСТ, 2014. – Т. 1. С.199-207.; Саликжанов Р.С., Коновалов А.П. Социально-культурные проблемы населения Восточно-Казахстанской области (по результатам социологического опроса жителей региона) / Социально- экономическое развитие региона: экономические, правовые и управленческие аспекты. Материалы международного форума. (5 марта, 2008 г.) – Семей: Ун-т «Кайнар», 2008. – С.16-21.; Саликжанов Р.С. Спорт и досуг в социокультурной среде молодежи // Республиканская научно-практическая конференция «Свободное время молодежи: спорт и досуг». Караганда, 2000.- 84 с.; Salikzhanov R. Sports and leisure position in youth life // «Олимпийский спорт и спорт для всех» XVIII Международный научный конгресс. Материалы

конгресса. – Алматы: КазАСТ, 2014. – Т. 1. – 412 с.

42. Байтасов Е., Мансуров Е., Кабдешов А., Саликжанов Р. Спорт элеуметтануы: ХХ ғасырдағы шетелдік зерттеу тәжірибелері // «Индустриалды мемлекеттегі ғылым, білім және өндіріс интеграциясы»: Халықаралық ғылыми – прак. конф.мат. жинағы. -Нур-Султан: Мастер По ЖШС, 2020. -349-351 б.

43. Есқалиев М.З. Отношение учащейся молодежи к спорту и здоровому образу жизни // Теория и методика физической культуры. №2, 2005. 131-133 с.; Есқалиев М.З. Установки здорового образа жизни молодежи // Здоровый образ жизни – основа устойчивого развития общества: материалы международной научно-

практической конференции (29-30 сентября 2006 г.). – Астана: Изд-во ЕНУ, 2006. – 179 с.; Есқалиев М.З. Спорт в жизни молодежи// Актуальные проблемы физической культуры и спорта: Материалы VII международной научно-практической конференции (Чебоксары, 16 ноября 2017 года) / По ред. Г.Л.Драндарова, А.И. Пьянзина. – Чебоксары: Чуваш.гос.пед.ун-т, 2017. С.523-536.

44. Гордиенко Н.Н. Формирование жизненных траекторий учеников интернатных заведений: социологический аспект // Научные ведомости БелГУ. Серия Философия. Социология.Право. 2016. №10. Выпуск 36. С.37.

45. Чередниченко Г .А. 2014. Формирование образовательных и профессиональных траекторий молодежи: внешние регуляторы и действия субъектов. Дис докт. соц. наук. Москва, 330 с.

46. Потемкина И.А. Изменение социализационных траекторий современного российского студенчества: региональный аспект. Автореф. дис. канд. соц. наук. Иркутск, 20 с.

47. Кривицкий Л.В. Эволюционизм. Том первый: История природы и общая теория эволюции. М.: Книжкин дом, 2009. - 370 с.;

48. Bourdieu P. La distinction. Critique social du jugement. 1979. Paris, Ed. de Minuit, 311.

49. Bourdieu P. L'illusion biographique. Dans le livre: Actes de la Recherche en Sciences Sociales. 1986. №62.: 71.

50. Ананьев Б.Г. Личность, субъект деятельности, индивидуальность. М.: Директ-Медия, 2008. 134 с.

51. Куракин Д. Траектория, форма жизни и единство жизненного пути: к уточнению понятия траектории в поведенческих науках. <https://www.hse.ru/data/2015/04/01/>. Деректі пайдалану күні: 26.03.2020.

52. Богданова В. В. Траектории социализации как социологический феномен // Знание. Понимание. Умение. 2009. № 1. С. 70-74.

53. Ковалева А. И. Концепция социализации молодежи: норма, отклонения, социализационная траектория // Социологические

исследование. 2003. № 1. С. 109- 115.

54. Чернышев С. А. Социализация Подростков в траекторном измерении // Знание. Понимание. Умение. 2011. № 3. С. 152-154.

55. Шпак Л.Л. Социокультурная адаптация в советском обществе. Философско-социологические проблемы. Красноярск: Изд-во Красноярского университета, 1991.- 23 с.

56. Галкина Д. В. Социализации подростков в контексте пространственно- временной динамики социализационного процесса // Вестник Северо-Кавказского федерального университета. 2015. № 1(46).С. 248-252.

57. Ситюгина Т.В. Жизненное самоопределение студентов технических вузов среднего российского города. Автореф. дис канд. соц. наук. Ростов-на-Дону, 2008. 21 с.

58. Константиновский Д.Л., Вознесенская Е.Д., Чередниченко Г.А., Хохлушкина Ф.А. Образование и жизненные траектории молодежи: 1998–2008 годы – М.: ЦСПиМ, 2011. – 296 с.

59. Титма М.Х. Жизненный путь поколения: его выбор и утверждение. Таллин, Изд-во "Ээсти раамат", 1985. С.369.

60. Ковалева А. И. Теории молодежи. Междисциплинарный анализ. –М., Изд- во «Канон», 2012. 527 с.

61. Гидденс Э. Социология / Пер. с англ.; науч. ред. В. А. Ядов; общ. ред. Л. С. Гурьевой, Л. Н. Посилевича. — М.: Эдиториал УРСС, 1999. — 703 с.

62. Смирнов Е.А. Жизненные стратегии государственных служащих // Государственная служба. №4, 2002. 56 с.